

«ПАЙҒАМБАР ҚЫЛ АҚЫЛДЫ...»

7-БЕТ | РУХАНИЯТ



ЖАЛТАҚТЫҚ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

8-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЙНАЛАСЫНДА ӨНІМ ӨТКІЗЕТІН ӨТЕ ҮЛКЕН НАРЫҚТАР БАР. ОНДА САПАЛЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМДЕРІ ТАПШЫ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТЫ – ЕУРАЗИЯ ҚҰРЛЫҒЫНДАҒЫ БАСТЫ АГРАРЛЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ БІРІНЕ АЙНАЛУ. ОСЫ МАҚСАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗЕМІЗ ДЕСЕК, ЕҢ АЛДЫМЕН, ӨНІМДІ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨҢДЕУГЕ КӨШУІМІЗ ҚАЖЕТ. ОНСЫЗ БОЛМАЙДЫ. БІЗ АЛДАҒЫ ҮШ ЖЫЛ ІШІНДЕ АГРОӨНЕРКӘСІПТЕГІ ӨҢДЕЛГЕН ӨНІМ ҮЛЕСІН 70 ПАЙЫЗҒА ЖЕТКІЗУІМІЗ КЕРЕК. БҰЛ – НАҚТЫ МІНДЕТ. ЖҰРТТЫ ӨНІМ ӨҢДЕУГЕ ЫНТАЛАНДЫРУ КЕРЕК.


№115
(4548)
Бейсенбі
28 қыркүйек
2023 жыл

# ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛДЫҢ 13 ҚАЗАНЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ





Халыққа сапалы медициналық қызмет көрсетудің бір көрсеткіші – «жедел жәрдем» қызметі. Адам апаттық жағдайға түскенде немесе сырқаты ушығып кеткенде алдымен, «жедел жәрдемге» жүгінеді. Шұғыл жәрдем сұрайды, көмек күтеді. Алайда «жедел жәрдем» көліктері көбейсе де, шұғыл көмекке келушілердің жеделдігінің кемуіне не кедергі?

6

# «ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ» ЖЕДЕЛ ЖЕТПЕЙ МЕ?



## ЕЛГЕ ЕЛ ҚОСЫЛСА – ҚУТ

1991 жылдан бері елімізге 1 миллион 123,2 мың этникалық қазақ қоныс аударды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, 1 қыркүйектегі жағдай бойынша биыл елімізге шетелдерде тұрған 16 026 этникалық қазақ тарихи атамекеніне оралып, қандас мәртебесін алды. Жыл басынан Қазақстанға келген қандастардың 53,6 пайызы – Өзбекстаннан, 19,6 пайызы – Қытайдан, 10,9 пайызы – Моңғолиядан, 7,8 пайызы – Ресейден, 5,9 пайызы – Түрікменстаннан және 2,2 пайызы басқа елдерден келген.

Қоныс аударушылардың 61,4 пайызы еңбекке қабілеттілер болса, 30 пайызы – балалар, 8,5 пайызы – зейнеткерлер.

## ЖӘРМЕҢКЕГЕ КЕЛІҢІЗДЕР!

**30 ҚЫРКҮЙЕК – 1 ҚАЗАН**

Қазақ өнер университетінің **«Шабыт» сарайы** алдындағы алаңда Ақтөбе және Қостанай облысының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жәрмеңкесі өтеді. Жетісу өңірінің тауар өндірушілері ет пен балық, жарма мен сүт, көкөніс пен жемістің түр-түрін ұсынады.



## ЖАҢАШЫЛ ЖАСТАР БАЙҚАУЫ

«Тәуелсіздік ұрпақтары» грантына конкурс басталды.

Конкурсқа 14 жастан бастап, 35 жасқа дейінгі Қазақстан азаматтары қатыса алады. «Тәуелсіздік ұрпақтары» байқауы бойынша 3 миллион теңгеден 30 грант берілетін болады.

Гранттар «Ғылым», «Мәдениет», «Ақпараттық технологиялар», «Бизнес», «Медиа» бағыттары бойынша үздік деп танылған идея-жобалардың авторларына беріледі.

Үміткерлердің конкурстық өтінімдері 26 қыркүйектен – 26 қарашаға дейін электрондық нұсқада t.urpaktary2023@gmail.com поштасы арқылы қабылданады.

## ҚОСЫМША БАЛАБАҚШАЛАР АШЫЛАДЫ

Елордада балабақшалардағы 10 мыңнан астам орынға мемлекеттік тапсырыс орналастырылды.



Астанада 505 балабақша жұмыс істейді, онда 67,5 мыңнан аса бала тәрбиеленеді. Биыл балабақшаларда 10 317 орынға қосымша мемлекеттік тапсырыс орналастырылды. 9157 қаңтар-сәуір айларында, қалған 1360 орын осы жылдың қыркүйегінде орналастырылды, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.

Сонымен қатар, биыл мектепке дейінгі ұйымдар жанынан 500 орындық тұрғын үй кешендерінің бірінші қабатынан қосымша ғимараттар ашу жоспарланып отыр.

Мектепке дейінгі мекемелердегі орындар INDIGO сайты арқылы бөлінеді, бүкіл процесс ашық және ашық түрде жүзеге асырылады. Қазір электронды порталда мектеп жасына дейінгі 60 971 бала тіркелген, оның ішінде 2 жастан 6 жасқа дейін – 41 818 бала.



# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Татарстан Раисы Рустам Миннихановты қабылдады. Кездесу барысында сауда-экономикалық, инвестициялық, аграрлық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты дамыту перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстанмен арадағы экономикалық ықпалдастық ауқымы бойынша Татарстан Ресей өңірлері арасында жетекші орынға ие екенін атап өтті. «Қазақстан мен Татарстанның ынтымақтастығы қарқынды дамып келеді және Ресей Федерациясымен көпжақты қарым-қатынасымызда маңызды рөл атқарады деп айтуға толықтай негіз бар. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан мен Татарстан арасындағы тауар айналымы 22,5 пайызға өсіп, 597 миллион доллардан асты. Машина жасау саласында «Татнефть», «КАМАЗ» компанияларының қатысуымен ірі жобалар табысты жүзеге асырылып жатыр. Бұдан да бөлек жобалар бар» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Рустам Минниханов Қазақстан мен Татарстан арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайту мәселесіне назар аударды. «Құрметті Президент, кездесуге уақыт бөліп, бірлескен жобалар туралы баяндауға мүмкіндік бергеніңіз үшін Сізге алғыс айтамын. Сондай-ақ бүгінгі «Иннопром» көрмесі үшін ризашылығымды білдіремін. Дайындық өте жақсы жүргізілген әрі жоғары деңгейде өтіп жатыр. Біз 100-ден астам адамнан және 38 компаниядан тұратын үлкен делегацияны ала келдік. Біздің міндетіміз – ірі бизнесті таныстырып, сауда-экономикалық байланыстарды нығайту ғана емес, сонымен қатар шағын және орта кәсіпорындарымыздың Сіздің еліңізбен белсенді жұмыс істеуіне септігімізді тигізу» деді Татарстан Раисы.

Кездесу барысында Мемлекет басшысы Қазақстан мен Ресейдің Өңіраралық форумы өзара ынтымақтастық үшін оңтайлы алаңға айналғанын атап өтті. Биыл қараша айында Қостанайда өтетін Форумның тақырыбы ауыл шаруашылығына арналмақ. Президент ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу ісіндегі мол тәжірибе мен осы саладағы серіктестік әлеуетінің зор екенін ескере отырып, Татарстан кәсіпкерлері бұл бағытқа қызығушылық танытатынына сенім білдірді.

# ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАБЫ ОРЫНДАЛДЫ

Астанада көпқабатты тұрғын үй кешені орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылды. Бұл іске Астана қаласының мәслихат депутаттары мән беріп, қала тұрғындарының мәселесін шешуге ықпал етті.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Әрине, елорда үшін бұл жаңалық болмауы керек. Алайда Қайым Мұхамедханов №41 үйі үшін бұл мәселе өзекті болып келген-ді. «Гранд статус» ЖШС құрылысын жүргізген «Лазурный берег» тұрғын үй кешені е жылу жүйесіне, е электр жарығына қосылмады. Тұрғындар осы мәселені көтеріп, құзырлы органдарға шағымданады.

– 2021 жылы қоныстанып қуандық. Алайда қуанышымыз ұзаққа созылмай, қыста қиындыққа тап келдік. Тұрғын үй газға қосылған-ды. Бірақ ай сайынғы төлем 50 мыңға дейін шығып, тұрғындарға қаржылық тұрғыда қиындық әкелді. Сосын газдан бас тартып, қыс бойы жылусыз отыруға тура келді. Президент тапсырғандай, «еститін мемлекетке» шағымдану үшін қалалық әкімдік пен мәслихатқа бардық. Естиді екен. Қалалық мәслихаттың төрағасы Ерлан Каналимов, депутаттар Кендебай Адамбеков, Бахаргүл Төлеген біздің уәжімізге мән беріп, мәселенің шешілуіне ықпал етті, – деді белсенді тұрғын Эльмира Зарипханова.

Шынында, 95 пәтерлі тұрғын үйдің мәселесі көп. Көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарынан бөлек, балалар ойын алаңы жоқ. Бәрінен бұрын, тұрақты электр желісіне қосылмаған. Тұрғындар бұл мәселелер кезең-кезеңімен шешілетініне сенеді.

– Amanat партиясы «Халықпен бірге!» деп аталатын сайлауалды бағдарламасын жариялап, сайлаушылардың сеніміне ие болды. Енді уәдеге беріктік танытып, халықты толғандыратын мәселелерді шешу маңызды. Бізге «Лазурный берег» тұрғын үй кешені тұрғындары өз шағымын білдірді. Мәселенің анық-қанығына көз жеткізіп, Нұра ауданының әкімдігімен бірге шешімін табуға жұмыс істедік. Нәтижесінде орталықтандырылған жылу жүйесіне қостық. Енді қазан айының алғашқы онкүндігіне дейін электр жарығын шешеміз, – деді қалалық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы Кендебай Адамбеков.

Мұндайда қыруар қаржы тауып отырған құрылыс компанияларының жауапкершілігін арттыру маңызды көрінеді.

# ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түрікменстанның Тәуелсіздік күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Сердар Бердімұхамедовті және Түрікменстан халқын Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

«Қазақстандықтар Түрікменстанның зор жетістіктеріне шын ниетпен тілеулес және екі ел арасындағы ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан достық, тату көршілік қатынастар мен жан-жақты ынтымақтастықты нығайтуға ерекше мән береді» деп жазылған жеделхатта.

Мемлекет басшысы өзара бірлескен күш-жігердің нәтижесінде қазақ-түрікмен стратегиялық серіктестігінің көкжиегі кеңейіп, көпжақты қарым-қатынастың даму қарқыны арта түсетініне сенім білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев Сердар Бердімұхамедовтің жауапты мемлекеттік қызметіне табыс, ал бауырлас Түрікменстан халқына бақ-береке тіледі.

# ЖОЛДАУДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ – БАҚЫЛАУДА

Президент Әкімшілігінің басшысы Олжас Бектенов Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру барысына арналған кеңес өткізді.

Басқосуға Президенттің көмекшілері мен кеңесшілері, Үкімет басшылығы қатысты. Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров Мемлекет басшысының Жолдауда берген тапсырмаларын орындау үшін Үкімет тарапынан атқарылып жатқан жұмыс туралы баяндама жасады.

Президент Әкімшілігі Басшысының айтуынша, Жолдау ел экономикасын қайта құруға және экономикалық серпіліс жасауға бағытталған жүзден астам нақты тапсырманы қамтиды. «Орталық және жергілікті атқарушы органдар Президент тапсырмаларын орындау үшін барынша жедел әрі толыққанды шаралар қабылдауы қажет. Еліміздің азаматтары мен бизнес өкілдері жуық арада Жолдаудың нақты нәтижесін сезінуі керек» деп атап өтті Олжас Бектенов.

# ҚҰРЫЛЫСТЫ АЯҚТАУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

Астанадағы бірнеше тұрғын үй кешені бойынша сотқа дейінгі тексеру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл туралы қала әкімі Жеңіс Қасымбек мәлімдеді. Әкімнің айтуынша, елордада ресми түрде құрылысы ұзаққа созылған деп танылмаған бірқатар проблемалы үй бар.



«Осы тұрғын үйлер бойынша жұмыс жүргізіп жатырмыз, тұрғын үй кешендерінің тұрғындарымен кездесу өткіземіз. Мысалы, салымшылар «София» тұрғын үй кешенің кілтін 2021 жылы алуы тиіс еді. Алайда тұрғындар әлі күнге дейін өз пәтерлеріне кіре алмай жүр. Нысанда құрылыс қарқыны баяу жүріп жатқаны байқалды, тұрақты инженерлік желілері болмады, лифт орнату жұмысы әлі аяқталған жоқ. Біз бұл тұрғын үй кешенінің құрылысын аяқтауға көмек көрсетеміз. Мәселен, кәріз, су құбырын орнату, абаттандыру, көгалдандыру және тағы басқа жұмыстарға әкімдік жәрдем береді» деп жазды Ж.Қасымбек әлеуметтік желідегі парақшасында.

Сондай-ақ ол қазіргі кезде бірнеше тұрғын үй кешені бойынша сотқа дейінгі тексеру жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді. «Бұдан бөлек, қылмыстық қудалау органдары «Әскер-1», «Әскер-2», «R-Club», «R-Club De Luxe», «Ақтау Сити», «Қазанат-2», «Ордабасы», «Оазис» тұрғын үй кешендері бойынша үлескерлердің бірнеше рет берген өтініші негізінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру жөнінде іс-шаралар жүргізіп жатыр. Біз үшін маңызды жайт – құрылысы ұзаққа созылатын жаңа нысандардың және проблемалық үлестік құрылыстардың пайда болуына жол бермеу. Құрылыс компаниялары үлескерлердің қаражатын белгілі бір қатаң жағдайларда ғана қабылдай алады: тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторының кепілдігін алу, екінші деңгейдегі банктің жобасына қатысу, тұрғын үйдің қаңқасын тұрғызғаннан кейін ғана үлескерлердің ақшасын қабылдау» деп сөзін түйіндеді әкім.

## ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

***Нью-Йорк судьясы Дональд Трамп пен оның ұлдарын алаяқтық бойынша кінәлі деп таныды.***

Трамптар 10 жылға жуық уақыт жалған қаржылық есептер беріп келген. Бас прокурор Трамп отбасының 250 млн доллар көлемінде өтемақы төлеуін, Нью-Йоркте жоғары лауазымды қызметте жұмыс істеуіне және компанияға бес жыл бойы кәсіпкерлік қызметке қатысуға тыйым салу жазасын беруді талап етті.



***Xiaomi компаниясы нарыққа Smart Band 8 фитнес-білезігін ұсынды.***

Қолға тағатын ақылды құрылғы, ол Қытайда осы жылдың сәуір айында дебют жасады. Тағатын құрылғы, адамның жүрек соғу жиілігін, қандағы оттегі деңгейін және стресс деңгейін бақылауға, ұйқының сапасын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, 100 балдық шкала бойынша 7 күн бойы физикалық белсенділік деңгейін өлшеуге болады.




***«Volkswagen» сұраныстың төмендеуіне байланысты Германияда электр көліктерін құрастыруды тоқтатуға мәжбүр болды.***

Фольксвагеннің екі электромобиль шығаратын зауыты тоқтап, жүздеген жұмысшы жұмыссыз қалады. Оған Еуропадағы экономикалық жағдайдың нашарлауы мен мұндай көлік түрін қаржыландырудың шектелуі мен сұраныстың азайғандығы да себеп болып отыр. Бұл – электромобильдерді құрастыруға маманданған Еуропадағы ең ірі кәсіпорын.



# ТАНЫМ – ДІНИ СЕНІМНІҢ БАҒДАРШЫСЫ

Кеше Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Діндерді зерттеу орталығы мен қалалық дін істері жөніндегі басқармасы дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру тобы мүшелерінің семинарын өткізді.

**Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Танымдық шараға мемлекеттік мекемелердің, үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық кеңестердің өкілдері, дінтанушы ғалымдар және сарапшылар қатысты.

Семинар діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға, халықтың діни сауаттылығын арттыруға, Қазақстан халқының дәстүрлері мен құндылықтарын насихаттауға, радикалды діни ағымдардың қауіптілігі туралы ескертуге, экстремистік идеяларға қарсы «иммунитетті» нығайтуға және Қазақстан Республикасының дін саласындағы заңнамасының талаптарымен танысуға бағытталған қызметті нығайту, сондай-ақ елордалық ақпараттық-түсіндіру тобы мүшелерінің біліктілігін арттыру мақсатында өткізілді. Сонымен қатар, интернет кеңістіктегі және әлеуметтік желілердегі жасырын қауіптер, жастарды деструктивті діни ұйымдардың қызметіне тартудың алдын алу туралы тақырыптар көтерілді.

– Халықтың діни сауатын көтеруде танымдық, ағартушылық бағытты ұстанып, бүгінгі жаһандану заманында зайырлы қоғамдағы түрлі көзқарастар мен пікірлерді құрметтеп, олармен сұхбаттасуға, сыйласуға сондай-ақ кез келген діни экстремистік, террорлық іс-әрекеттердің алдын алуымыз керек. Осылайша діни экстремизм мен терроризм пиғылдарына қарама-қарсы профилактиканы жүргізу арқылы Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Пікірлердің плюрализмін сақтай отырып, біз радикализмнің, экстремизмнің және сепаратизмнің кез келген түріне қарсы тұруымыз керек» деген сөздеріне өз үлесімізді қоса аламыз. Мемлекетімізде тыныштықты сақтауға, діни төзімділікті насихаттауға, еліміздегі азаматтардың діни ұстанымдарына қандай болғанда да оған азамат ретінде құрметпен қарауға дағдылануға тиіспіз, – деді қалалық Дін істері жөніндегі басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов.

# ҚАРТТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ КӨРСЕТІЛЕ БЕРЕДІ

Бүгінгі таңда Астанада 120 мыңнан астам қарт адам тұрады. Оның ішінде 106 807 адам жасы бойынша зейнетке шықса, 13 074 адам – әскери құрылымдардағы еңбек өтілі бойынша зейнеткер атанғандар. Сондай-ақ екінші дүниежүзілік соғыстың 8 ардагері және 1473 тыл еңбеккері бар. Мемлекет оларға қандай әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетіп отырғаны туралы елорданың коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысын қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Еркебұлан Мәлік мәлімдеді.

– Астанада жасы бойынша зейнеткерлерге жылына бір рет Катаркөл көлінің жағасындағы Щучье-Бурабай курорттық аймағында «Қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға және мүгедектігі бар балаларға арналған оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында қызмет көрсетіледі. Жасы бойынша зейнеткерлерге санаторлық-курорттық емделуге жолдама құнының 25% (56 700 теңге), зейнетақының ең төменгі мөлшерін алушылар қатарындағы зейнеткерлерге 18% немесе 40 824 теңге төленеді. Соғыс ардагерлеріне, соғыс ардагерлеріне теңестірілген адамдарға тегін. Жыл сайын 3 500-ден астам зейнеткер санаторлық-курорттық емделуге тегін жіберіледі. Жыл басынан бері 3 357 адам жолдама алды. Жалпы, 2023 жылға 4 298 адамды курорттық емдеумен қамтамасыз ету жоспарланған. Биыл санаторлық-курорттық емделуге жазылу Оңалту орталығымен жүргізіледі, – деді Еркебұлан Мәлік.

Сондай-ақ 1 қазанда атап өтілетін Қарттар күніне орай зейнеткерлерге жасы бойынша 2,5 АЕК – 8 625 теңге мөлшерінде біржолғы ақшалай төлемдер төленеді. Сонымен қатар, оларға екі жылда бір рет тіс протездеу, емдеу қызметтері көрсетіледі. 2023 жылы 3 мың адамға осындай қызмет көрсету жоспарланған. Рәсімдерге жазылу есепті жылдың екінші тоқсаны ішінде жүргізіледі.

Бүгінгі таңда тіс протездеу және тіс емдеумен 1 529 адам қамтылған. Аталған қызметтерге тіркелу есепті жылдың екінші тоқсанында жүргізілетінін айта келе, басқарма басшысының орынбасары жер үйде тұратын зейнеткерлерге көмір алу кезінде жеңілдік ұсынылатынын жеткізді. Ол үшін зейнеткер тұратын үйдің отбасылық табысы жан басына шаққан кезде ең төмен күнкөріс деңгейінің 4 есесінен (213 240 теңге) аспау керек.

– Өтемақы жылыту маусымына 16 айлық есептік көрсеткіш, яғни 55 360 теңге көлемінде жүргізіледі. Биыл 99 отбасыға осы көмек беру үшін 5,4 млн теңге жұмсалған. Тұрғын үйді газдандыруға қарастырылған әлеуметтік көмектің мөлшері 130 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде, 448 500 теңге болуы керек. Үй иелеріне тұрғын үй көмегі аталған көмек коммуналдық қызметтің айлық ақысы отбасының айлық жиынтық табысының 5 пайызынан асатын болса ғана қарастырылады. Төлемнің орташа мөлшері айына 25 мың теңгеге дейін. Зейнеткерлерге қалалық жолаушылар көлігі бағыттарында тегін жүру жеңілдіктері қарастырылған, – деді Еркебұлан Мәлік.

2022 жылдың қаңтар айынан бастап елордада Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы жұмыс істейді. Бұл орталықта 27 түрлі бағытта үйірмелер, секциялар ұйымдастырылып, спорт залы, компьютерлік сынып, вокал, шығармашылық шеберлік сыныбымен жабдықталған, мәдени іс-шаралар, атап айтсақ, поэзия кештері, кітаптың тұсаукесері және т.б. тұрақты өткізіліп тұрады.

– Бүгінгі таңда Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарында 7500-ден астам зейнеткерге қызмет көрсетіледі. Қаланың барлық аудандарында осы орталықтың филиалдары бар. Олардың негізгі мақсаты – егде жастағы азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған жүйелі мәдени-демалыс шаралары үшін инфрақұрылым құру. Сондай-ақ Астанада «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға сапалы қызмет көрсетудің толық кешенін ұсынады. Әлеуметтік қызмет мүгедектігі бар адамдарға және зейнеткерлік жасқа толған, өзін-өзі күтуге қабілетсіз және денсаулығына байланысты стационарлық және үй жағдайында арнайы әлеуметтік қызметтерді қажет ететін қарт адамдарға көрсетіледі. Ағымдағы жылы арнаулы әлеуметтік қызмет түрлерімен 1027 адам қамтылған, – деді Еркебұлан Мәлік.

Сонымен қатар, қаладағы мүгедектігі бар адамдарға және зейнеткерлік жасқа толған, өз бетінше қызмет көрсетуге қабілетсіз және денсаулық жағдайы бойынша стационар және үйде күтім жасау жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге мұқтаж қарт адамдарға әлеуметтік қызметтер көрсетіліп келеді.

***Әлемдегі ең көне полиция құрылымы жаңа дағдарысқа тап болды.***

Лондондағы Скотланд-Ярд элиталық бөлімшесінің жүзден астам полиция қызметкері каруларын өткізді. Тәртіп сақшыларының экстремалды жағдайда қас-қағым сәтте қабылданған әрбір шешімі соңынан ұзақ сот процесіне созылып, тіпті әрекеті үшін түрмеде аяқталуы мүмкіндігі жағдайды ушықтыра түскен. Бұл жайт талай жылдан бері елдің таңдаулы саласының түйінді тұсын көрсетеді.




***Ирактың Найнава провинциясында болған өрттен қаза тапқандар саны 120-ға жетіп, 200 адам жарақат алды.***

Алдын ала болжам бойынша, өрттің шығуына той кезінде отшашуды қолдану себеп болған. Ирак Қызыл Крест ұйымы құрбандардың санын 450 деп есептейді. Аймақтық үкімет премьер-министрі Масрур Барзани денсаулық сақтау министріне жаралыларды тасымалдау үшін көптеген жедел жәрдем көлігін жіберуді тапсырды.

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЗАМАН ІНДЕТІ

Сыбайлас жемқорлық – қазіргі таңда әлемнің көптеген елдерінде қоғамның тұрақтылығына, қауіпсіздігіне және дамуына кедергі келтіретін қауіпті індеттің бірі. Оның кез келген көрінісі қоғамның барлық саласына кері әсерін тигізіп қана қоймай, мемлекеттің беделіне нұқсан келтіреді.

Сыбайлас жемқорлықты тек парақорлық ұғымымен ғана шектеуге болмайды, өйткені бұл осы құбылыстың бір қыры ғана. Қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлық заңға және жалпы қоғамға зиян келтіретін материалдық және құқықтық артықшылықтарды қамтиды. Егер бұл дерт мемлекеттік билік пен басқару органдарына енетін болса, мұндай жағдайларда әкімшілік ресурстардың заңсыз пайдаланылуы кеңінен тарап, түрлі қылмыстық әрекеттерге әкеп соғуы мүмкін.

Сондықтан біз күнделікті жұмысымызда Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын қатаң сақтауға және оларды мінсіз орындауға тиіспіз. Оған қоса, басқа да мемлекеттік қызметкерлердің бұл талаптарды бұзбауын талап етуіміз керек. Бұл біздің ұйымның және жалпы қоғамның тұтастығын, ашықтығын және бірқалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін басты шарт болып табылады.

Бүгінгі күні Алматы ауданының аппараты өз қызметі аясында осы келеңсіз құбылыспен күресу үшін түрлі шаралар мен бастамаларды қолға алуда. Аудан аппаратының негізгі міндеттерінің бірі – ашықтық пен жариялылық үшін тұрғындарға барынша жағдай жасау. Осы мақсатқа жету үшін жүйелі түрде тексерулер жүргізіліп, қаржылық іс-шараларға талдау жасалып, әлеуметтелік желілер арқылы азаматтарды ақпараттандырудың тиімді жүйелері енгізілуде.

Әкімдік сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен бірлесіп күресу үшін қоғаммен ынтымақтастықты дамытуды қолға алды. Ақпаратты арттыру және қоғамға деген адалдық пен жауапкершілікті тәрбиелеу мақсатында аппарат қызметкерлеріне семинарлар мен тренингтер өткізілуде.

Аудан әкімі аппараты жұмысының маңызды элементі – азаматтардың өтініштерін қарауға жәрдемдесу. Ағымдағы жылы аудан әкімі ретінде жеке қабылдауымда 300-ге жуық азамат болып, 500-ден астам сұрақ талқыланды. Жеке қабылдауымда болған және әлеуметтік желілер арқылы әкімдікке жүгінген азаматтардың мәселелерін барынша жедел шешуге тырысамыз.

Сонымен қатар, ауданымызда тұрғындардың жергілікті бюджет қаражатын бөлуде қаржыны басқару және бақылауға қатысуына бағытталған «Халық қатысатын бюджет» жобасы іске асырылып келеді. Бүгінгі күні осы жобаның аясында жоспарланған 49 аула алаңдарының 17-сі жаңартылып, абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Бұл шаралардың барлығы ауданымызда тиімді жүйе құру және оны барлық азаматтар үшін қауіпсіз және ашық етуге бағытталған. Олар сондай-ақ мемлекет беделін нығайтуға және халық арасында оған деген сенімді арттыруға ықпал етеді.

**Мақсат САМАТҰЛЫ,**
**Алматы ауданының әкімі**

## Астана қаласы тұрғындарының және Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының депутаттарының назарына!

**2023 жылғы 3 қазанда 11:00-де** Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

**Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:**

1. «Астана қаласының 2023-2025 жылдарға арналған бюджеті туралы» Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы №274/36-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
2. Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы.
3. «Астана қаласының мүгедектігі бар балалар қатарындағы мүмкіндігі шектеулі балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өндіріп алу тәртібі мен мөлшері туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 17 наурыздағы №115/17-VI шешіміне өзгеріс енгізу туралы.
4. «Астана қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық бағдарлардың жолаушылар көлігінде жол жүруге төлем төлеуден босату түрінде әлеуметтік көмек көрсету тәртібі туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі № 167/21-VI шешіміне өзгеріс енгізу туралы.
5. Астана қаласының аумағындағы Жасыл екпелерді жасау, күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бекіту туралы.
6. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.

**Е.КАНАЛИМОВ,**
**Астана қаласы мәслихатының төрағасы**

# ҚАЗАҚША КУИЗ САЙЫСЫ

Астана қаласындағы мемлекеттік және құрылымдық мекеме қызметшілерінің арасында қазақша куиз интеллектуалды сайысы өтті.



Бес турдан тұратын зияткерлер сайысына 17 команда қатысты. Командалар жақсы дайындықпен келіпті, әрбір тур тартысты өрбіді.

Интеллектуал сайыстар бағдарламасында төл тарих, салт-дәстүр және әдет-ғұрыпқа негізделген сұрақтар, логикалық және әлемдегі қоғамдық-саяси тақырыптарға арналған арнайы тапсырмалар болды.

Сайыс қорытындысында колледж командаларынан құралған «Алаш үміті» тобы бірінші, Әзірбайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театрының «Мәмбетов мектебі» тобы екінші, «Астана қалалық жарық» ЖШС ұжымының «Елім-ай» командасы үшінші орын иеленді.

Байқауға қатысушылар, жүлдегерлер дипломдармен, алғысхаттармен және сыйлықтармен марапатталды.

№115 (4548) 28/09/2023 Бейсенбі

Жеке тұрғын үйлердегі, ғимараттардағы өрттер әдетте темекі шегу, сіріңке, алау, дәнекерлеу шамдарын қолдану секілді отпен жұмыс істеудегі немқұрайлылық және жылыту аспаптары мен электр жабдықтарын пайдалану кезіндегі ақаулар нәтижесінде пайда болады. Көптеген жағдайларда тұрғындар күнделікті өмірде өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін сақтамайды, өрт туындаған жағдайда қалай дұрыс әрекет ету керектігін білмейді.

# ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ ӨРТТЕН САҚТАЙЫҚ

Жеке тұрғын үйдің әрбір иесі күнделікті өмірде өрт қауіпсіздігі шараларын білуі және қатаң сақтауы қажет. Бұл ретте алдымен, аумақты күтіп ұстау керек. Біріншіден, бау-бақша учаскелерінің аумағы жанғыш қалдықтардан, қоқыстардан, ыдыстардан, құрғақ шөптерден, ағаш жапырақтарынан және т.б. қажетсіз заттардан уақтылы тазалануы керек, Оларды арнайы бөлінген алаңдарда контейнерлерге немесе жәшіктерге жинап, содан кейін әкету керек. Бұл сақтық шарасы жыл бойы сақталуы керек!



Өрт сөндіру үшін пайдаланылатын жолдар, өтпелер, кіреберістер, үйлер мен су көздеріне өтетін жолдар әрқашан бос болуы керек. Ашық алаңдарда және аулаларда тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары бар ыдыстарды, сондай-ақ сығылған және сұйытылған газдары бар баллондарды қалдыруға рұқсат етілмейді. Ас үй плиталарын және басқа да жылытқыштарды газбен жабдықтауға арналған газ баллонды қондырғылар үйге кіреберістен 5 метрден жақын орналаспауға тиіс. Құрылыстарға жақын жерде от жағуға және сөндірілмеген көмір мен күлді тастауға жол берілмейді.

Сондай-ақ әрбір тұрғын ғимаратта су бөшкесі (жазғы кезеңде), өртке қарсы құрал-жабдықтар және шатырға жететін баспалдақ болуы керек. Шатырлардың, техникалық қабаттардың және жертөлелердің терезелері әйнектеліп, есіктері жабық күйде ұсталуы керек.

Электр желілері мен электр аспаптарын пайдалану кезінде зақымдалған оқшаулағышы бар электр сымдары мен сымдарды пайдалануға, электр желілерін қорғау үшін қолдан жасалған сақтандырғыштарды (сымды бұрау, шегелер және т.б.) қолдануға, электр үтіктерін, электр плиткаларын, жанбайтын тұғырлары жоқ электр шайнектерін пайдалануға және үйдегі жылыту электр құралдарын қолдануға, электр желісіне бір мезгілде жоғары қуатты бірнеше электр аспаптарын қосуға тыйым салынады. Электр энергиясын беруді тоқтатқан жағдайда кезекші қызметтің электр монтерін шақыру қажет.

Бақша үйлерінде, саяжайларда және коттедждерде тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, сондай-ақ жанғыш материалдарды, ескі жиһаздарды, шаруашылық және басқа да заттарды шатырларда сақтауға, дәнекерлеу орнын жанғыш материалдардан алдын ала тазаламай және өрт жұмыстарын жүргізу орнын алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етпей электр және газбен дәнекерлеу жұмыстарын жүргізуге және сарайлар мен шатырларда, сондай-ақ жанғыш материалдар сақталатын басқа жерлерде темекі шегуге, сондай-ақ ашық отты пайдалануға тыйым салынады.

Қала тұрғындарын сақ болуға, өзіңізге және жақындарыңызға қамқорлық жасауға шақырамын.

**Сағынтай ҚАДЫРБЕКОВ,**
**Астана қаласы ТЖД Алматы ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері**

# ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫН ЧИПТЕДІҢІЗ БЕ?



Қазақ «ит – жеті қазынаның бірі» деп оның иесіне қалтқысыз қызмет ете алатын қасиетіне бола айтса керек. Бүгінде бұл жануарды аңшылыққа алып шығып, қоян, түлкі алатын алғырлығын шыңдаудан гөрі түр-сипатына бола үйде ұстап, өзгелерге сес ретінде асырайтындар көбейіпті. Міне, енді осындай баспаналарында өздерімен бірге үй жануарларын ұстайтындарға кейінгі кезде талап та күшейіп тұр. Бұған ең бірінші өткен жылы қабылданған «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң үлкен міндеттер жүктейді.

**Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ**

**ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АРТТЫРУ**

Жасыратыны жоқ, кейінгі кезде елорданың, тек елорданың ғана емес, еліміздің барлық қалаларының көшелері мен аулаларында, тіпті гүлзарларына дейін иесіз иттер мен мысықтарды байқауға болады. Неге бұлай? Не себепті көшеде қаңғыбас үй жануарлары көбейіп кетті?

Бұл сұраққа Астана қаласының тұрғыны, кезінде ұзақ жылдары мал дәрігері болған Серікбай Жұмағали былай дейді: «Көбіне серуендеуге «Жерұйық» саябағына барамын. Сонда байқайтыным, мұнда иесіз мысық та, ит те өріп жүреді. Саябақтағы адамдардың кейбірі оларға назар аударып, қолындағы барын беріп жатады. Үй жануарларының бұлай қоғамдық орындарда босып жүруінің ең басты себебі – о баста оларды асырап алған иелерінің жауапсыздығынан. Немерелеріне бола күшік күнінде қызық үшін үйлеріне алып келеді де, уақыт өте келе қызығы басылғасын оларды сыртқа тастай салады. Міне, осы жай жаппай етек алып бара жатқасын үкімет жаңа заң қабылдады. Осы заң аясында 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап үй жануарларын, яғни үйдегі иттері мен мысықтарын есепке алу міндеттелді. Оларды ең басты қорқытқаны – бұл үдеріс ақылы еді. Екіншіден, егер осы талаптар уақытында орындалмаса, иелері белгілі бір дәрежеде айыппұл төлейді. Үшіншіден, егер есепке алынған үй жануарына қатыгездік танытып, оларды далаға қаңғытып жіберетін болсаңыз, тағы да әкімшілік жауапкершілікке тартыласыз. Мұндай «бас ауруы» кімге керек? Сондықтан көп адамдар бұрын үйлерінде асырап отырған ит-мысықтарынан құтылудың қамын ойлай бастады. Сөйтіп оларды көшеге қаңғыртып жіберді» дейді.

Расында да, «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» ҚР Заңы 2021 жылдың 30 желтоқсаны күні қабылданды. Дегенмен, мұндағы кейбір талаптар, атап айтқанда, осы заңның 11-бабы бірден емес, кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болып шешілген еді. Міне, осы бапта: «үй жануарларын есепке алу олардың бұйымдарын (құралдарын) пайдалана отырып, ақылы негізде жүргізілетіндігі, әрі айқындалған тәртіппен жеке нөмір берілетіндігі, есепке алынған үй жануарларының иелері үй жануарлары өлген кезден бастап он тәуліктен аспайтын мерзімде бұл туралы жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға хабарлауға міндетті» деп айқын жазылған.

Қала көшелері мен саябақтарына ит, мысықтарын қаңғытып жібергендер осы жауапкершіліктен қашқан болса керек.

**ЧИПТЕУ ҚАНША ТҰРАДЫ?**

Жануар иелеріне міндеттеліп отырған чиптеу туралы әңгіме көп. Заңды жете оқымай, дүрбелеңге салынып жатқандар да кездеседі. Рас, ит пен мысықты есепке алу 1 қыркүйектен бастап міндеттелді. Олар иелерімен көшеде бірге жүре ме немесе пәтерден шығарылмай ма, ол маңызды емес. Міндетті түрде құжаттары болуы қажет. Ал басқа үй жануарларын (егеуқұйрық, үй қояны, актиин, тағы басқа да) чиптеу, чиптемеуге иесі ерікті.

Жалпы жануарды есепке қою үшін ветеринарлық клиникаларға барған дұрыс. Жоғарыда айтқанымыздай, чип салу ақылы. Ол шамамен әр жануарға 2500-ден 8000 теңге аралығында болады. 2023 жылдың 1 қыркүйегіне дейін Астана мен Алматы қалаларында алдын ала чиптеткендерге тегін қызмет көрсетіліпті. Ал тұрмысы төмен жандар мен көпбалалы отбасылар үй жануарларын чиптету үшін көмек сұрап, жергілікті әкімдікке өтініш жазуына болады екен.

Айту керек, заңға бағынбай, есепке қойып, чиптеуден бас тартқан жағдайда әр үй жануарының иесіне 10 АЕК (34500 теңге), ал заңды тұлғаларға 30 АЕК (103500 теңге) айыппұл қарастырылған.

«Чиптеу микросызбаны жануардың терісіне енгізу арқылы жүзеге асырылады. Ешқандай ауырсыну болмайды. Терінің астына енгізілген чиптің нөмірлік сандарын кез келген уақытта арнаулы құрылғының көмегімен көруге болады.

Мұндағы мақсат – көшедегі қаңғыбас иттер мен мысықтардың санын азайту. Тіпті кейбір жағдайда кетіп қалып, адасып кеткен үй жануарларын чиптің көмегімен иелеріне қайтару оңайырақ болады. Сосын тағы бір маңызды мәселе – көшеде бала-шағаны ит қауып алса, оны кімнің иті екенін чип арқылы еш қиындықсыз дәлелдеу мүмкіндігі бар. Мәселен, Петропавл қаласында жас қызды көршінің иті талап тастап, жеме-жемге келгенде жауапкершіліктен қашқан иесі «бұл менің итім емес, мен білмеймін, аулама кіріп жүрген қаңғыбас ит» деп мойнына алмаған. Міне, бұл процесс осындай келеңсіздіктің алдын алу үшін керек» дейді мамандар.

**БӘРІН УАҚЫТЫНДА АТҚАРСА...**

– Қазір кейбір адамдар «заң қабылданғанына екі жылға жақындады, ал құзырлы органдар үй жануарларын чиптеу мәселесін енді ғана қолға алуының себебі неде?» деген сауал қояды. Оның басты себебі – біріншіден, үй жануарларын ұстайтын азаматтардың арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу керек болды. Екіншіден, материалдық база дайын болмады. Осы кейінге қалдырылған екі жылға таяу уақытта бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желідегі талқылауға наразылық танытқан, ой-пікірлерін айтқан мыңдаған адам қатысты. Солардың барлығына мәселенің мән-жайын нақты ашып түсіндіруге тура келді. Тіпті кейбіреулер «жаңа ереже, қызметке ақы төлеу, айыппұл осының бәрі кімге керек?» деген сыңайда өкпе-реніштерін білдіріп жатты. Оларға айтарымыз: «әлеуметтік желілерде үй жануарларын қорлап, азаптап, аса қатыгездік танытатыны жөнінде қоғамдық пікірді жете зерттегеннен кейін ғана осындай заң қабылданып отыр» дейді Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Ақпараттық қауіпсіздік басқармасының басшысы Әсел Шыңғысова.

Астана қаласында тұратын тәжірибелі мал дәрігері Жұмағазы Кенжебектің айтуынша, үйде ұстайтын жануарларды уақытында ектіріп, ветеринарға көрсетіп тұруды жауапты адамдар заң шыққанға дейін де тұрақты түрде істетіп жүрген. Ал енді ит пен мысықты немесе басқа да жануарды асырап алып, оларға жүрдім-бардым қарайтындар талап күшейтілсе де азаяр емес. Оларға заңмен жіті оқып танысыңыздар дер едім. Осы ереженің 12-тармағында чип енгізудің бірнеше түрі көрсетілген. Электронды белгіні қарғыбау ретінде мойнына тағып, не болмаса чипті асқазан-ішек жолдарына да енгізуге болады. Алайда олардың бағалары әртүрлі болатынын ескерген жөн» деді маман ветеринар.

Үй жануарларын ұстау жауапкершілігіне қатысты мәселе газетіміздің өткен сандарының бірінде жазылған болатын. Сонда аталған заң талаптарын жүзеге асыру үшін үкімет 1 млрд 485 млн 600 мың теңге қаржы бөліп отырғаны айтылды. Бірақ ол – иесіз қалған үй жануарларына оқшаулау орталықтарын ашып, вакцинация жүргізу үшін берілетін азын-аулақ қаржы. Ал күшік күнінен үйінде өзі асырап, өздерімен бірге жүретін ит пен мысығын иесі көп кешікпей есепке тұрғызып, чиптетсе, сөйтіп оның денінің саулығы мен, тазалығына қамқорлық жасаса, бұл табиғатқа да, қоғамға да пайдалы болар еді.

# ИНТЕРНЕТ САПАСЫ ЖАҚСАРДЫ

Елордадағы Нұра ауданы әкімдігінің ғимаратында ұялы байланыс пен интернетті жақсарту үшін 3 базалық станция орнатылды.

Аудан әкімі Жүсіп Жұмағұловтың мәлімдеуінше, ауданда ұялы байланыс пен интернеті әлсіз 20 учаске бар. Осы жерлерді желімен қамту үшін базалық станциялар орнатылуда.

– Қазір Қабанбай батыр даңғылында орналасқан әкімдіктің шатырында ұялы байланыс операторларының сигналын тарататын 3 құрылғы жұмыс істейді. СЭҚ әрқайсысын қауіпсіздік стандарттарға тексеріп, куәландыру берді. Станциялар 300-600 метр радиуста елорданың екі негізгі даңғылының барлық ғимараттарын, ауруханаларын, тұрғын үй кешендерін мобильді байланыспен және интернетпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осылайша жүздеген тұрғынның мәселесі шешілді, – деді Жүсіп Жұмағұлов.

Аудан әкімімен болған кездесулерде азаматтардың ұялы байланыс пен интернет мәселесін көтеретіні белгілі. Аудан тұрғындарының барлық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін байланыспен қамтамасыз ету маңызды екенін ескере келе, алдағы уақытта Нұра ауданының аумағында тағы бірнеше базалық станцияларды орнату жоспарлануда.

Жалпы, базалық станциялар тұрғындардың үйден жұмыс істеуіне, туыстар мен жақындарға қоңырау шалуына, балалармен сабақ оқуда тиімді әдістерді пайдалануға, шұғыл қызметтерді шақырумен бірге тағы да басқа қарапайым жайлылықтарды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.





# ӘЛИХАННЫҢ МҰРАГЕРЛЕРІ

Әлиханның мұраларын жинақтап, ізбасарларын тәрбиелеп отырған елордадағы оқу ордасында болып, мектептегі музейін тамашалап, оқушылармен жүздесіп қайттық. Экскурсияны жүргізген Еркін Еміл «Ұлтын сүйген ұлы жүрек», «Омбы кезеңі», «Самар кезеңі», «Алаш кезеңі», «Мәскеу» кезеңі деп Әлихан туралы 5 кезеңге іріктеліп, жинақталған материалдарды, төрдегі бояумен салынған портреті мен түрлі фотосуреттері мен құжаттарын өте тыңғылықты таныстырып өтті.

**Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**

Мұнда музейдің заманауи үлгісі бар, Алаш арыстарының Ә.Бөкейханның ұлтқа жасаған орасан қызметі туралы айтқан пікірлері QR-код арқылы да білуге болады. «Алаш туы астында, Күн сөнгенше сөнбейміз» сөздерімен түйінделген музейде оқушы жастардың түрлі танымдық қызықты іс-шаралары өтіп жүр. Лицей директоры Ботагөз Болатбекқызының «Ендігі арманымыз – Алаш арысының Мәскеуде жатқан баға жетпес бағалы дүниелерін елге жеткізу!» дегені бәрімізді толқытты...

Елорда мектептеріндегі «Elorda Aqparat» серіктестігі қызметкерлерінің кездесуі Астана қаласындағы Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейінің акт залында өтті. «Мектеп және медиасауаттылық» жобасы аясында өткен кездесуде оқушылар газеттің танымал журналистеріне өздерін толғандырған сауалдарын қойды, қалам ұстаған аға-апаларының сөздерінен осы кәсіптің қыр-сырына қанығып, жауабын алды.

Лицей директоры Сейдеш Ботагөз Болатбекқызы «Елін, жерін шексіз сүйген, тағдыры талауға түссе де ұлтқа көзі жұмылғанша қызмет еткен Әлихан Бөкейханның мұрагерлері сіздерсіздер, ел болашағына да ие болатын өздеріңдей білімді, жалынды жас ұрпақ» деп кездесудің тізгінін озат оқушы, мектеп белсендісі Темірлан Тамабайға ұстатса, ол мектеп оқушыларына жиынның маңыздылығын айта келе серіктестік ұжымын бастап келген Олжас Сыдықбекке сөз берді. Журналистика мен өнерді тонның ішкі бауындай үйлестірген Олжас Дәуренұлы мамандық таңдауда бала кезгі ой-армандардың жақсы әсер еткенін айтып, еркін форматтағы жиынға айрықша серпін берді, өз өмірі мен шығармашылығынан балаларға қызықты сәттерін мазмұнды айтып берсе, сала ардагері, майталман журналист Таңатар Төлеуғалиев сонау бала кезгі журналист болғысы келген шақтан бастап, кешегі кеңес уақытында газеттің әрпін қолымен терген, таң атқанша кезекшілікте болған сәттерін айрықша әсерлі, сағынышпен айтты. Шеф редактор Төлен Тілеубай журналистиканың заманға сай түрленуін, журналист мамандығының қауіп-қатерге толы өмірін, шетелге барған сапарларындағы жазған дүниелері, аралаған елдері туралы мағлұматтарды өте қызықты жеткізсе, осы жолдың авторы медиасауаттылыққа қатысты, оқу-білімге қатысты ой-пікірлерін білдірді. Ортақ пікірлесу, еркін форматта өткізілген кездесуде журналистер мен оқушылар арасында тартымды диалог болды, «Қазақ журналистикасы 50 жылдан кейін қандай болады?» деп жақсы сұрақ қойған оқушы Алуа Әшірбековаға толымды жауап берген Т.Тілеубай АҚШ-қа сапарында жазылған «Аласапыран Америка» кітабын сыйға тартты. Бұл тақырыпта О.Сыдықбек те өте танымдық мағлұматтар айтты.

Медианарықта айрықша жобаларымен көзге түсіп жүрген «Elorda Aqparat» серіктестігі осы жобаны қолға алғанда өсіп келе жатқан оқушылар арасында талантты жастар болса, қаламын ұштап, жақсы бағдар беруді, оқырман мен газет, медиа арасында дәнекер болуды, білімнің ең өзекті, ең салмақты дүниелерін жарыққа шығаруды мақсат тұтты.

# МІРЖАҚЫП МЕКТЕБІНДЕГІ КЕЗДЕСУ

Қала әкімдігі мен «Elorda Aqparat» медиакомпаниясының «Мектеп және медиасауаттылық» атты жобасы аясындағы кезекті кездесу Міржақып Дулатұлы атындағы №68 мектеп-гимназияда жалғасын тапты. Астана қаласы білім басқармасымен бірге ұйымдастырып жатқан жоба шеңберінде алтыншы мектепте өткен бұл кездесу де оқушылардың белсенділігімен риза етті. Оқу орнының сырт келбеті ғана көрікті емес, іші балалардың білімі мен шығармашылығын дамытуға арналған залдар мен орталықтарға толы екеніне куә болдық.



**Райхан РАХМЕТОВА**

Көктал тұрғын алабындағы аталған мектептің директоры Лаура Сарсембекова алдымен оқу ғимаратының жаңа залдарын аралатып көрсетті. 2011 ашылған білім ошағында бүгінде 2594 бала екі ауысымда таза қазақ тілінде білім алады. Мектеп-гимназияда олардың рухани дамуына ерекше көңіл бөлінетіні бірден аңғарылады. Мектепке 2020 жылы Алаш қайраткерінің есімі берілгеннен кейін мұнда Міржақып мәдени-ақпараттық орталығы ашылған. Бұл орталықта Қазақстанның картасы қабырғаға арнайы салынып, оған Міржақыптың жүріп өткен жолдары, Алаш зиялыларының ішінде кіммен қандай байланыста болғаны, еңбектері бедерленген. Картаны QR код арқылы сөйлеткенде ақын туралы барлық деректермен танысуға болады. Сонымен қатар орталықтың екінші қабырғасындағы сәнді сөрелерге оның барлық кітаптары мен ол туралы жазылған еңбектер қойылған. Бұл жерде мектеп оқушыларына «Міржақыптану» сабағы өткізіледі екен.

Мектепте сондай-ақ 2018 жылы ашылған «Алаш жолы» музейі бар. Бұл тарихи-субъективті музейге қойылған дүниелер қолдан жасалған, музей тарихи 4 кезеңді қамтитын бөлімдерден тұрады. Сонымен қатар «Жайлы мектеп» жобасының элементі ретінде жаңа кітапхана жасақталып жатыр. Үшінші қабаттағы дәліздер «Ұлттық құндылықтар» мекені деп аталады. Мұнда оқушылардың қатысуымен ұлт аспаптық ансамбльге арналған бұрыш, Қазақ үй, үзіліс кезінде демалуға арналған жайлы аймақтар, дебат залдары ашылған.

Мәжіліс залындағы жиынға болашақта тіл маманы, журналист боламын деген оқушылар жиналып, олар келген қонақтарға журналистикаға қатысты көкейдегі сұрақтарын қойды. Кеш қонақтарын бастап келген «Elorda Aqparat» медиахолдингі директорының орынбасары Рауан Сәбитұлы оқушыларға ақпарат деген не, оны қалай іздеу керек, әр адамның медиасауаттылыққа дұрыс назар аударуы, әлеуметтік желілерден ақпарат алып, оны пайдалану сияқты сұрақтарға түшымды жауап берді.

– Шығармашылыққа бейімі бар балаларды осы бастан баулып, газеттерге мақалаларын жариялауға, жалпы өздеріңізбен байланыс орнатуға келдік. Дарынды балалардың талантын ұштап, қолдау көрсетуге қашан да дайынбыз, – деді Р.Сәбитұлы.

Сонымен қатар кездесуге келген «Astana aqshamy» газетінің тілшілері – Аманғали Қалжан, Райхан Рахметова және Индира Бержанова журналистикадағы өз тәжірибесімен бөлісті. Еркін форматта өрбіген кездесуде әлеуметтік медиада ақпарат алмасу мен тарату, қарым-қатынас орнату жолдары туралы ойлар ортаға салынды. Журналист болам деп алдына мақсат қойып отырған мектеп шәкірттерінің салаға қызығушылығы сұрақтарынан да аңғарылды. Олар басылымға материал дайындау барысындағы қиындықтар мен кедергілер, журналистің жеке басына қауіп төнген жағдайда оларды қорғау, танымал тұлғалармен сұхбат алуға дайындық жүргізу, журналистік қабілетті дамыту жолдары, белді журналист болу үшін қажет машықтар мен қосымша білім қандай деген сұрақтардан бөлек, келген қонақтардың әрқайсысына жеке сауалдарын қойды. Жылы жүздесу соңында журналистер қауымы жастарды медиахолдинг ұйымдастырып жатқан «Ел жүрегі – елорда» атты оқушылар арасындағы шығармашылық байқауына қатысуға шақырды. Оған 15 қазанға дейін елордадағы білім ордаларының 7-11-сынып оқушылары өз шығармасын ұсына алады.



# ТҰҢҒЫШ ҒАРЫШКЕРМЕН ЖҮЗДЕСУ

Қазақтың тұңғыш ғарышкері, Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы Тоқтар Әубәкіров «Egemen Qazaqstan» газеті редакциясында қонақта болып, журналистерман жүздесті.

**Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Кездесу барысында тұңғыш ғарышкер туралы «Ер Тоқтар» деп аталатын жаңа кітаптың авторы белгілі қаламгер Талғат Сүйінбай әңгімелеп берді. Эссе, сыр-сұхбат, құжат-қоржын атты үш бөлімнен тұратын кітап Республика күніне орай баспадан шыққалы тұр. Емен-жарқын күйде өткен кездесу барысында мемлекет және қоғам қайраткері Оралбай Әбдікәрімов, «Қазақ газеттері» медиасеріктестігінің басшысы Дихан Қамзабекұлы батыр туралы ойларын айтып, кітап авторына ризашылықтарын білдірді.

«Бұл кітапты баспаға жібермес бұрын қарап, оқып шықтым. Басынан аяғына дейін болған оқиғаларды тізбектеп жазып, баяндап шыққан. Автор тарихи даталарды да қамтыған. Барлығы да – өмірде болған жайттар. Менің ойымша, бұл мен үшін емес, егемен елімнің тұрғындарына қажет кітап болады деп ойлаймын, – деді Тоқтар Әубәкіров.

Қазақтың тұңғыш ғарышкеріне журналистер сан алуан сұрақ қойды. Халық қаһарманы әрбір сұраққа асықпай, тұшымды жауап берді.

1991 жылдың 2 қазаны – қазақ баласының ғарышқа ұшқан күні. Дәл осы Тоқтар Әубәкіров «Союз ТМ» ғарыш кемесімен «Мир» орбиталық кешеніне космонавт-зерттеушісі ретінде ұшты. «Союз ТМ» экипажында одан бөлек, совет ғарышкері Александр Волков пен австриялық космонавт Франц Фибек болды. Ғарышкерлер «Мир» кешенінде бір аптадан астам уақыт жұмыс істеді. 10 қазанда экипаж жерге оралды.

№115 (4548) 28/09/2023 Бейсенбі




# «ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ» ЖЕДЕЛ ЖЕТПЕЙ МЕ?

Райхан РАХМЕТОВА

Апта басында Астанада мектеп баспалдағынан құлаған балаға «Жедел жәрдем жылдам жетпеді» деген сөз тарап, бұл жайт әлеуметтік желідегі жұртшылықты біраз шулатты. Балалар қауіпсіздігін қамтамасыз етпеген жауапсыз мектеп басшылығы жұмыстан қуылып, Үкімет отырысында Денсаулық сақтау министрінің өзі осы жайлы түсінік берді. Жаның қысылып шақырғанда жедел жәрдем жылдам келмейді дейтін өзге де шағым айтушылар бар.

Бұл қызметті азаматтар қатты ауырып қалғанда, қайғылы жағдайға душар болғанда, жарақат алғанда, уланғанда және басқа да шұғыл көмек қажет ететін жағдайда шақыратыны белгілі. Сондайда жылдам жетіп, екпесін салып, дәрісін беріп жаныңды тыныштандыратын немесе дереу ауруханаға жеткізетін жедел жәрдем мамандары – адамдардың жаратқаннан кейінгі жан сақтаушылары. Бірақ 103 қоңырауына соққаннан кейін үйге уақытында жетпеді деп шағым айтуға не себеп? Алдымен кешегі мектептегі жағдайды айтсақ, оған Ажар Ғинияттың бергеннің жауабына сәйкес жедел жәрдемнің қанша уақытта келуі оларды шақыртқан кездегі хабарламаға байланысты көрінеді, яғни науқастың жағдайын хабарлағанда оны мамандар 4 санатқа бөліп қарастырып, сол санат деңгейіне қарай белгілі бір уақыт ішінде жетеді. Себебі негізгі күш аса ауыр жағдайдағы, яғни 1-2 санаттағы өміріне қауіп төніп тұрған науқастарға бөлінеді. №14 мектепте құлаған балаға көмекке 29 минутта жеткен.

– Жедел жәрдем шақырылған кезде баланың құлап қалғанын, денесінің көгергенін, жара болғанын айтты. Сондықтан жедел жәрдем осындай уақытта келді. Жедел жәрдемнің жөнелтілуі мен келуінің нақты белгіленген мерзімдері бар. Олар күніне 10 мың шақырту бойынша қызмет көрсетеді. Арнайы дайындалған мамандар, диспетчерлер үш минутта кімге хабарласу керек екенін, ал кімге 20 минутта хабарласуға болатынын бағалайды, – деп түсіндірді Денсаулық сақтау министрі.

Осы мәселеге орай Астана қалалық жедел жәрдем стансасына хабарластық. Станса директорының орынбасары Бота Садетхан да министр сөзін қайталап, шақырту бойынша аудиожазбаға сәйкес баланың бет тіні жеңіл жарақаттанған деп бергенін айтты.

– Мұндай жарақаттар шақыртулардың 3-санатына жатады, соған сәйкес жедел жәрдемнің жету уақыты 30 минутқа дейінгі уақыт аралығы. Ол бала туралы көп жалған ақпарат тарады. Комада жатыр деді. Алайда біздің бригада келгенде бала толық есін біліп, анық сөйлеп жатқан, ауруханаға барғанда да, қазір де есін жоғалтқан жоқ. Өкінішке қарай, қазір әлеуметтік желіде ақпаратты бұрмалап жіберетін блогерлер өте көп. Оқу жылы басталғалы мектептерден жарақат алу бойынша шақырту көбейді, баланың аты бала, секірмей, жүгірмей тұрмайды, сосын аяғын, басқа жерін сындырады. Бізде №225 бұйрық деген бар, мамандар соның талаптарына сай жұмыс істейді. Шақыртулар саны 4 санатқа бөлінеді. 1-2 санат өміріне қауіп төнген науқастар, ес-түссіз жатса, өте қатты биіктіктен құлап, дене жарақаты болса жедел жәрдем ең қысқа уақытта жетеді. 3-санат – денсаулығына қауіп төнгендер, 4 санат – ең бір қауіпсіз-ау деген шақыртулар. Алғашқы үшеуіне біз барамыз, соңғы санат бойынша шақыртуларға емханаларда ашылған шұғыл көмек көрсету бөлімшелері барады, – дейді Б.Сәдетхан.

Дегенмен ол қазір қалада халық санының артуына байланысты бір тәуліктегі шақыртулар саны көбейгенін айтты. Бұл да жеделдікке әсер етеді. Мәселен, былтыр қалалық жедел жәрдемге тәулігіне 3-3,5 мың қоңырау шалынса, бұл көрсеткіш қазір 4-4,5 мыңға жетті. Соның ішінде шақыртулар саны бұрын 1700-1800 болса, биыл 2100-2200, яғни маусымдық аурулар өршитін кезде, мектептерде оқу басталғанда науқастардың қаралуы көбейеді. Мектепте құлау, бір жерін сындыру да осы кезде басталады. Дүниежүзілік мәліметтерге сүйенсек, бір бригада үшін 14 шақырту, фельдшерлік бригадаларға тәулігіне 16 шақырту болу керек. Ал елордадағы кей бригадалар 25-30 шақыртуға дейін барып жатыр. Соған байланысты кейбір қызметкерлер жүктемеге шыдамай басқа емханаларға ауысып кетіп жататын жайттар да болады. Шақыртулар бойынша қаралған науқастардың көбі – басқа қаладан келген немесе айналамыздағы Ақмола облысының ауылдарынан келген адамдар болып шығады. Басқа қаладан қаралған науқастар саны 15-20 пайызға дейін жетіп жығылады. Кешкі уақытта, әсіресе, 18.00 мен 00.00 аралығында сағат сайын шақырту саны 30 пайызға өседі.

– Жұмыстан кейін адамдардың ауру-сырқауы естеріне түсетін сияқты. Ал оған дейін өздеріне қарамайды, емханаға бармайды, ең бір қолжетімді медициналық қызмет түрлерін алмайды. Сосын 103-ті шақырады. 2200 шақырту бойынша науқастардың 10 пайызы ғана ауруханаға жатқызылады. Демек, олардың көбінің ауруханада жатуға көрсеткіштері болмаған, көбі асыра сілтеп жатады. Денсаулық сақтау кодексінің 135-бабында көрсетілгендей, науқастың да міндеттері бар. Науқас өз денсаулығын сақтауға міндетті. Басқа пациенттердің құқықтарын бұзбауы, медициналық ұйымның тәртібін сақтауы тиіс. Алайда бізде бұл әрқашан сақтала бермейді. Статистикалық мәліметтерге сүйенер болсақ, былтыр шақыртушы адамдар тарапынан бригадаларға көрсетілген агрессия, шабуылдар саны 9 рет болса, биыл 13 рет болған. Былтыр 868 мың шақыртуға барыппыз. Ал биыл бұл сан 1 млнға жетуі мүмкін. Біздің қызмет түрі алғыс алу жағынан барлық медициналық мекемелер арасында 1-орында, – дейді сала маманы.

> Басқа қаланы білмеймін, Астанада емханаға жатудың ең оңай жолы – жедел жәрдем шақыру. Ал былай қатты ауырып, өлгелі тұрсаң да емханаға оңай алмайды. Жолдама керек дегендей. Бұл жағдай, біздің елде жедел жәрдем қызметіне түсетін салмақты арттырған.

Жедел жәрдемге жылап, жағдай айтамыз ба дегенде, олардың өзі осындай уәжін келтірді. Дегенмен халықтың шағымына да құлақ түру керек. Мәселен, жақында баласының қызуы көтеріліп, жедел жәрдем шақыртқан елордалық тұрғын Жұлдыз Үкібаева оларды 1 сағаттай күткенін айтады.

– Басқа қаланы білмеймін, Астанада емханаға жатудың ең оңай жолы – жедел жәрдем шақыру. Ал былай қатты ауырып, өлгелі тұрсаң да емханаға оңай алмайды. Жолдама керек дегендей. Бұл жағдай, біздің елде жедел жәрдем қызметіне түсетін салмақты арттырған. Яғни шақыру көп, жедел жәрдем жетіспейді, шақыру көп болған соң уағында тізгін ұшымен жете алмайды. Біз де жедел жәрдемді 1 сағат 10 минут күттік. Кешігіп келгеніне қарамастан әлгі жедел жәрдем көлігі жайбарақат, барлық бағдаршамға тоқтап, асықпай жүрді. Көліктің іші де мұздай суық. Жеткенше баланы қойып, мен қатып қалдым. «Жігіттер, тезірек жүрсеңдерші, дабыл қосып, бағдаршамға тоқтамай өтуге болады ғой, мен такси шақырмаған шығармын» десем, «тез келе жатырмыз, бізді де тексереді» дейді көліктің алдына отырып әңгіме соғып отырған екеуі.

Демек, олар да әрі-бері шақпылағаннан қажып, уақыт ұзартқысы келетіні анық. Бас қалада жедел жәрдем көлік кептелісі себебінен ғана кешікпейді, одан басқа да себеп көп. Бірақ себептен сылтау тіпті көп, – дейді ол.

Жедел жәрдем маманының айтуынша, дене қызуының көтерілуі, жедел респираторлық аурулар белгілері шақыртулардың 30 пайызын алады.

– Бұл жаппай маусымдық аурулар – 4 санатқа жататын амбулаторлық шақыртулар. Сондықтан көп шақырту болған кезде бәріне 10 минутта жету мүмкін емес. Салонда жағдайы тым ауыр, өміріне қатты қауіп төнген науқас келе жатса ғана бағдаршамдарға тоқтамай өтуге рұқсат етіледі. Басқа жағдайда бізде жедел жәрдем автокөліктеріне жол-көлік ережелері, талабы бәрімен бірдей. Барлық науқастар үшін жылдамдықты тым арттырып, мамандардың өзінің өмірін қауіпке тіге алмаймыз. Көліктің іші суық болса, бір шақыртудан кейін тұрып қалуы мүмкін, жалпы халыққа жылы киініп шығуға кеңес береміз, күндіз түні пешін қосып қою техникалық жағынан дұрыс емес, – дейді тағы станса директорының орынбасары.

Қазіргі таңда қалалық жедел жәрдем қызметінде 90 бригада және 25-30 емханадағы шұғыл көмек көрсету бригадалары бар. Б.Сәдетхан санитарлық көліктер саны да жетеді дейді. 2019 жылы 49, былтыр 55 көлік берілген. Тағы да алу жоспарлануда. Себебі 1 көліктің жарамылық мерзімі 4 жылға ғана жетеді. Өздері айтқандай, осы құраммен қаланың қазіргі халқына толық қызмет көрсетуге жағдайы жетіп тұрса, көлік те, кептеліс те кедергі келтірмесе, науқастарға жылдам жетіп, оларға қатысты шағым да аз болуы керек. Ал кей азаматтардың негізсіз байбалам салуы соңғы жылдары медицина қызметкеріне деген сенімнің азаюынан да болып отыр. Әркім өзін ақтаған, әлеуметтік желіде шындық пен өтірік араласып кеткен заманда қарапайым халықтың, соның ішінде жедел жәрдем қызметіне шын зәру адамның көмексіз қалып, өмірмен ерте қоштасуына немесе дер кезінде алғашқы медициналық көмек көрсетілмегеннен мүгедек болып, өмірін өксітуіне жол берілмеуі керек.

## НЕГЕ ОСЫНША СОЗАДЫ?

Балам аяқ астынан ауырып, ағыл-тегіл құсқан соң, дәрігердің кеңесі бойынша жедел жәрдем шақырдық. Бірақ жедел жәрдем бізге баяу қызмет көрсетті. 1 сағат 20 минут кешігіп келгенін былай қойғанда, ауруханаға апарар жолда да ақырын жүріп, бүкіл бағдаршамға тоқтап 21:23 сағатта шақырған жедел жәрдеммен сағат 23:23-те қалалық №3 көпбейінді балалар ауруханасына әзер жеттік. Ол аздай, қарайтын дәрігердің қабылдауын күтіп тағы жарты сағаттан артық отырдық. Қайта-қайта құсқан бала үсті-басымды малмандай қып құсыққа шылап тастады.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Содан не керек, сараптамаларын алып, палатаға жатқанша бірер сағат өтті. Науқастың көптігінен ауруханада жатар орын да қалмаған екен, дәрігерлер бізді өздері жатып жүрген кабинетке түнетті. Сол жерде 4 құты сұйықтық әкеліп, система салды. «Қуаттандыратын, бала денесінің сусыздануының алдын алатын сұйықтық» деп түсіндірді. 8 сағатта әзер таусылған сол системадан кейін балам аунап тұрғандай жазылды да кетті. Бірақ сол күннен бастап балама ешқандай ем қолданбай, 3 күн жатқызып қойды. Қайнаған су ішіп, емхананың ботқасын жеп үш күн жаттық. Не істеп жатырмыз? Енді ем жасамасаңыздар біз үйімізге қайтайық десек, «анализ шыққан жоқ» деп жібермейді. Баланың құйрығынан алатын Д группаның (патологиялық филораның) сараптамасы 4 күнде шығады дейді дәрігерлер. Ол анализдің өзін қабылдаған дәрігерлер бір рет, жатқан палатамыз бір рет алды. «2 рет алып не керек, біреуі де жетпей ме?» десем, «Жоқ, бізде тәртіп солай» дейді. Демек, бір анализге екі рет ақша төленеді деген сөз бұл. Бұл жағдай бізді біраз ойға салды.

Еліміздің бас қаласында әдеттегі бір анализ 4 күнде шықса, басқа аймақ, ауылдарда қанша күнде шығады? Ол шықпай ешқандай ем жасамаса, баланың сырқаты асқынып кетпей ме? Немесе жұқпалы вирус болса, 4 күнге дейін төңірегіндегі балаларға жұқтырмай ма? Сараптама дұрыс шықпаса, 4 күннен кейін жасалған ем кеш болмай ма? Адам емдеудегі ең негізгі екі түйін дұрыс анализ қою мен уақыт емес пе?! Дәрігерлер мұны бізден жақсы біледі, біле тұрып істеп жүргендері анау. Бұл жерде науқастардың уақытымен қатар, қаншама қаражат кетіп жатыр?! Тегін емдеу дегенмен, оның да сұрауы бар ғой.

Мен осы мәселені Facebook әлеуметтік желісіне салып едім, желі қолданушылар «Қазір емханадан гөрі жеке доғдырлар жақсы ғой. Бәрі тез», «Астанада дәрігерге көрінгенше жазылып кетесің, өткенде мен 5 күн барып дәрігерге қарала алмай, 6-күні таңертең кезегім келіп барайын десем жазылып кетіппін», «Ауырып больницаға барсаң, анализдің нәтижесі шыққанша ауруың да жазылып болады, әрі-бері сарсаңға түсіп діңкең құрып бітеді» деген мазмұндағы пікірді қараша боратты. Міне, бұл да біздің емдеу саласындағы мәселенің бір көрінісі екенінде талас жоқ.





# «ПАЙҒАМБАР ҚЫЛ АҚЫЛДЫ...»

## (Шәкәрім дүниетанымына фәлсапалық көзқарас)

Қазақ фәлсапасында Шәкәрім мұрасының орны ерекше. Болашақта оны тереңдетіп зерттеу қажет. Мәселен, арысы түрк (түркі), берісі қазақ фәлсапасындағы іргелі ұғымдардың бірегейі – ақыл ұғымы. Ақыл – адамзатты басқа тіршілік иесінен даралап тұратын қасиеті. Түрк ойшылы Жүсіп Баласағұн «Ақыл – Алланың сыйы» деген. Шәкәрім «Өмір сырын көздесең» деп басталатын фәлсапалық өлеңінде «Пайғамбар қыл ақылды» дейді. Адамзат баласына Жаратушыдан келген осы ғажап сыйды Пайғамбардай құрметтеуін талап етіп отыр. Бұл – үлкен талап. Неге? Ойшыл ақын осы өлеңіде «Адасып әлім (ғалым – Т.Ш.) шатылған» дейді.

Құдайсыз өмір сүреміз деген аласапыран заманда «әлім» де адасып отыр екен. Не істеу керек? Түрк-қазақ даналары айтады: «Алланың сыйы – ақылыңа сүйен, ақылыңды – Пайғамбар қыл» дейді. Пәлен айтты деп көзсіз ерме дейді. Алланың сыйы, ақылыңа сынат деп отыр. Шәкәрім осы терең ойды, поэзияның тілімен, метафоралық жолмен жеткізіп отыр. Бұл – бүгін де аса өзекті мәселе. Ақылына сүйенген жұрт бәйгенің алдында келеді. Ал фәлсапалық тұрғыдан келсек, академик Ғарифолла Есімнің «Ақыл болмаса, адамның барлығы туралы сөз жоқ» дегені осы ойды негіздей түседі. Яғни адамның барлығының басты көрінісі ақыл болып тұр. Ендеше Шәкәрім мұрасында мол көрініс тапқан осы ақыл ұғымына кеңінен тоқталайық.

Ақыл – Шәкәрімнің фәлсапалық трактаты «Үш анық» пен көркем шығармаларында да ең көп қолданыс тапқан метаұғым. Шәкәрім мәнін ашқан, кең өріс берген жүйелі әрі түрлі контексте қолданған ақыл ұғымының біразын атап өтейік: жанды ақыл, ақылды жан, таза ақыл, арлы ақыл, ақыл көзі, толық ақыл, терең ақыл, аз ақыл, анық ақыл, арақ ақыл, мас ақыл, ақыл құсы, сау ақыл, ақыл – нұр, хайуандар ақылы, саяз ақыл, ақылды зат, азат ақыл, мол ақыл, шын ақыл, ақыл-айна, өз ақыл, еркін ақыл, жайлы ақыл т. б.

Шәкәрім ақыл туралы «Пайғамбар қыл ақылды», «ақылдың шолғыншысы – ойқұмарлық», «ақылыңа сынат», т. б. тіркестерді жиі қолданады, ақылдың статусын көтереді. Демек, Шәкәрім ақыл ұғымының мәнін ашуға аса күш салған. Ойқұмарлықтың өзі ақыл емес екен, ол оның шолғыншысы екен. Фәлсапалық тұрғыдан, анық қылып айтсақ: ақыл – субстанция, ал ойқұмарлық – аксиденция. Шәкәрім анықтаған ақылдың әрбірі жеке зерттеуді, танып білуді талап етеді.

Алдымен ақыл ұғымының мәніне, зерттелу тарихына қысқаша тоқталайық. Дін мен фәлсапада, ғылымда ақыл – көп қарастырылған, өрістете зерттеліп жүрген ұғым. Адамзат ойының түйіні, ғылымның танымы, діннің сенімі – ақыл адамның негізгі сипаты, маңызды қасиеті деген тұжырым жасайды. Адамның ақыл арқылы әлемді тануға ұмтылысын философияда рационализм деп атайды, ал метафизикалық рационализм деп сол ақылға сенімді айтады. Фәлсапада таным мен сенім үндесіп, өзгеше өріс табады. Жаратушы, жан және жаратылыс туралы таным онтологиялық деңгейге көтеріледі. Шәкәрімдегі ақыл, тұтас алғанда, осы биікке көтерілген таным, концепткатегория. Ақыл ұғымына Шәкәрімге дейін әр ғасыр биігінен данышпандар назар аударған. Сократ, Аристотель, Платон, әл-Кинди, әл-Фараби, әл-Ғазали, И.Кант, Гегель, Абай, т. б. ақылдың негізгі сипатын даналықпен тануға ұмтылған. Философия тарихында ақылды тануда ғылыми бағыттар қалыптасты. Ақыл – абсолютті шындық, ол – барлық, өмір оның айнасы деген панологизм; Ақыл тек адамның сипаты, қасиеті деген натурфилософтар, Платон, Анаксагор, Аристотель грек тілінде қолданған «Нус» ұғымы да ақыл туралы, бүкіл ғалам «жанды» дейтін діни-философиялық сенім мен танымның да ақылмен байланысы бар. Ақыл туралы Ғарифолла Есім өзінің «Адамзат» деген іргелі еңбегінде айтқан.

Шәкәрім мұрасындағы ақыл ұғымын екі топқа бөліп қарастырамыз. Біріншi, «Үш анық» атты фәлсафалық трактатта, Шәкәрім «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді...» деген. Шәкәрім ақыл деп қоя салмаған, ақыл көзі деген. Ақылға жандылық мән беріп тұр. «Үш анық» трактаты адамның ақиқатты ақыл көзімен көретінінен басталады. Бұл кездейсоқтық емес, Шәкәрім танымының бастауы, тұтас ар ілімі концепциясының негізі – осы ақыл көзі. Кейіннен, осы еңбекте, өзінің жаралыс, жаратылыс, жаратушы, жан, ұждан сияқты адамзат баласын толғандырып келе жатқан мәселелерге ақыл көзімен (жүрек көзімен, ақыл мен жан) жету туралы сырын ашады. Бәлкім, Шәкәрімнің ақыл көзі Абай айтатын өлшеусіз ұлы ақылды тануға ұмтылған сыр-айнасы болғандықтан да ақиқатты танитын жол деп сенімді айтып отыр. Қалай болғанда да, ақылға ерекше мән берілген. «Біліп жаратушы – Тәңірі» дейтіні сондықтан болар. Шәкәрімнің осы ойы фәлсапалық лирикасында терең жалғасын тауып жатады: «Ақылдан ойға сыр тарап, Үміттің шамы жанған күн. Жар есіркеп бер қарап, Нұрына жүрек қанған күн». Шәкәрімнің ақыл көзі – антропологиялық фәлсапаға, теологияға, нақты қазақ фәлсапасына әкелген ұлттық танымдағы концепткатегориясы. Шәкәрімнің «Үш анық» фәлсапалық трактатында ақыл ұғымына ерекше орын берілгені, осы ұғымды жүйелі әрі түрлі контексте қолданғанынан байқаймыз. Мәселен, Шәкәрім барлық тіршілік иесінің өсіп-өнуге қам қылатынын айтып, бұл барлық таласы екенін, яки жаратылыстың берік жолы екенін айтып келіп, былай дейді: «Сондықтан барша адам шамасына қарай, қай бірі өзі үшін, қай бірі табы үшін, қай бірі барша адам үшін жақсылық бақ іздейді. Ақыл қарауында адам толығы барша адамға бақ іздеген болады». Сөйтіп, толық адамның болмысын айқындайды. Толық адам болудың негізгі факторы «барша адам үшін жақсылық бақ іздеу екен». Толық адам ақылдың қарауында болуы да бір белгі екен.

Осы еңбегінде Шәкәрім сау ақыл ұғымын да қолданады. Және ерекше мән беріп қолданған. Жанның мәңгілігі, өлімнен соң бір түрлі тіршілік барлығы немесе өлген соң тірілетін жан жоқ деген екі жолды кең талдауға барарда сау ақыл ұғымын қолданған: «Менің ойымша, осы екі жолдың қайсысы анық екенін табу ақылы сау адамға қатты міндет. Неге десең адамды түпкілікті бақытқа жеткізбек болсақ біліп жаратушы ие бар, өлген соң да бір түрлі өмір бар деген жолдың шын, өтірігін білуіміз керек. Егер шын болса, соның да қамын ойлап, адамдарды түпкілікті бақытқа жеткізу үшін, егер өтірік болса, оған әуреленбей жалғыз ғана осы дүние қамын қылу үшін, олай болса бұл екеуін қалай тексереміз? Оны тексерушінің әртүрлі діндер жайынан әрбір білімділердің сол туралы айтқан сөздерінен хабары болу керек. Және қатты керек бір шарты – өзінің тұтқан діні, оқыған-ұғынғаны, қалыптанған әдеті, құмар ісі бөлендей жақсы кісі айтты деп нанып қалған сөзіне біржола байланып қалмай, ақылын әбден шын босатып сол екі жолдағылардың жазған кітап, айтқан сөз, қылған істері һәм оларға қарсы айтқан сөздердің бәрін ноқтасыз, науқассыз сау ақылмен сынау керек». Бұдан белгілі болғаны сау ақыл ноқтасыз және науқассыз болуы керек екен. Сау ақылдың үнемі қозғалыста, ізденісте болатынын да аталған екі жол туралы ой толғағанда атап өтеді: «Бұл екі жолдың түбі қайдан шыққанын тексерсе, адамдардың біз һәм әлемдегі барша нәрселердің қайдан бар болғанын, мұны кім жаратқан деген ойынан шыққан. Неге десең, адамның ақылы оны ойламай тұра алмайды және адам жаңа бір нәрсені көрсе мұны кім жасаған, бұл неге керек демей қоймайды? Сондықтан жаратушыны іздеп әркім әртүрлі ой жүргізген». Шәкәрім ақылдың субстанциялық түпнегізбен бірлігін, соған ұмтылысын ашып көрсетеді. Шәкәрім осы еңбегінде екі жол туралы білімділер сөзімен таласқа түсіп, қорыта келіп өзінің тұңғыш ойы екенін айтады. Басқа біреудің ойымен үндес шығуы мүмкін екенін де, реминисенциялық табиғатының болуын да теріске шығармайды. Қорытындысында «Барлықтың түп себебі жаратушының білім, құдірет шеберлігінде өлшеу жоқ» деп айтып келіп, Жаратушының барлығы туралы өз ойын толық ашу, дәлелдеу барысында ақылға қатысты «есті ақыл, естінің ақылы» ұғымдарын қолданады: «Біз естінің ақылын, күштінің қуатын, ұстаның шеберлігін ісінен танимыз. Менің ойымша, бүтін барлықтың бәрі, бізді осындай болмақ жолды салған түп жаратушының білім, құдірет шеберлігінде. Өлшеу жоқ деп бізге секунд сайын айғайлап тұр: «Бізге дүние түпкі сырын, көрсетіп те айтты ғой. Елемеді оны біздің, тіпті өзімшіл мисыз ой» деп көркем фәлсапа, бір шумақпен ойын тұжырымдайды. Шәкәрімнің осы еңбекте жан мен ақылды субстанция ретінде бірлікте қарастыратын сәті де бар: «Жан менің айтқанымдай баста бар болса, тұрған денесі орын болуға жарамаған соң, денеден шыққанда біржола жоғалып кетпейді. Құр ғана өзгеретін болса, бұрыннан бар жанның жоғалуына еш дәлел жоқ. Олай болса бір түрге түсіп, барлықтың ішінде бар болып жүреді. Мен бұл араға шейін жанның бірінен бірі артылатын қасиеттерін анықтап бөліп айтпай, бәрін де бір жан деп келдім. Жан әр түрге түседі. Мәселен, инстинкт-сезімді жан, сознание-аңғарлық жан, мысль-ойлайтын жан, ум-ақылды жан дегендей әртүрлі қасиеттері болады». Шәкәрім ақыл туралы ойын Абай айтатын өлшеусіз ұлы ақылмен ұштастырып түйіндейді: «Аңғару, ойлау ерікті хайуанның бәрінде бар. Бірақ олардың да бірінен бірі есті, бірінен бірі шебер, оны теріп жазбасақ та әркімге белгілі. Адамның күйі сол хайуандардан есті болмаса да, толық терең ақыл адамнан шығады. Бірақ сол адам да табиғаттан шебер емес». Шәкәрімнің ой түйіні осы жерде байқалған. Ол толық терең ақылдың тек адамнан шығатыны, солай бола тұра адамның өзі табиғаттан (Жаратушыдан, жаралыстан) шебер емес. Ар іліміне негізделген, имандылыққа, ұжданға шақырар ең дұрыс жол мұсылман жолы екенін де осы еңбегінде атап айтқан: «Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол мұсылман жолы сияқты. Кейбір діншілдерді қорлыққа түсіріп жүрген шатақ дін, жалқаулық, әйтпесе жаратушыда білім бар, өлген соң да бір түрлі жан тіршілігі бар». Шәкәрім осылай деп ойын түйіндеген.

Шәкәрім ақыл деген денеге егулі дән дейді, оған жан суғарылса ғана кіретінін, өсіп-өнетінін айтқан. Суғарылмаған ақыл өнбей қалатынын да атап көрсетеді: «Саяз ақыл бас ұрған, Мақтауын көкке асырған, Жаба тоқып жасырған». Шәкәрім шығармаларында антропологиялық фәлсапаның көп мәселесі көркемдік тәсілмен көтерілгенін осы таным мен пайым байқатады. Саяз ақылға қарама-қарсы Шәкәрім өзі ерекше ден қоятын сау ақыл бар

Шәкәрім көркем шығармаларында ақыл туралы еркін таным-метафорамен айтқан. Шәкәрімнің фәлсапалық лирикасында, жалпы көркем фәлсапасында да ақыл ұғымы жүйелі әрі түрлі контексте мол қолданыс тапқан. Солардың ішінде ерекше орын берілгендері – таза ақыл мен жанды ақыл. Таза ақыл мен жанды ақыл ұғымдарын қалай қолданған, соларды мысалға келтіріп барып, ой қорытайық.

Алдымен таза ақыл ұғымын келтірейік: «Мен адамнан таза ақыл таба алмадым», «Бар ғылымның түп атасы, Таза ақылмен ойлану», «Таза ақыл ақты барлайды, Дәлелсіз сөзді алмайды, Танитын жанға кез болса, Хақиқат жерде қалмайды», «Адамның сыртқы дене жаралысы, Нәпсісі айуанмен анық теңдес. Бөлектігі – жалғыз-ақ таза ақылда, Әлің келсе, жол тап та осыны емдес», «Көз адасты, ой тапты көрдіңіз бе? ...Тетігі – таза ақылмен – өлшеп сынау!», «Ар жеңіп шығады, арамның қарасын, Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп, Таза ақыл қосылса, Әлемнің таласын», «Таза ақылмен таппаған дін, Шын дін емес жындылық», «Айнымайтын ақ жүрек пен, Таза ақылды адамның, Таппасы жоқ бұл өмірде, Осыны ұқ балам», «Ақ жүрек пен пен таза ақыл, Қылсаң адал еңбек, Бірінен де сол мақұл, Артқыға жол бермек», «Дәлелсіз сөз – соққан жел, ұшқан тозаң, Таза ақылдың алдында жоқ қой құны», «Рух деген дінсіз таза ақыл, Мінсіздің ісі шын мақұл. Айуандағы ақыл ол емес. Аз ғана сезім – аз тақыл, Құранды оқы нанбасаң», «Бәрін де тапқан таза ақыл», «Ғаділ жүрек, таза ақыл мақтайтұғын, Солдар сөкпес іс қылар жолды көксе». Шәкәрім таза ақыл ұғымын бұдан да басқа оншақты өлеңінде келтірген.

Шәкәрім ақылды барлық қырынан тексеріп, оның сипатына терең барған. Соның басты түпнегізі – осы таза ақыл мен жанды ақыл. Қасиетіне, болмысына қарай анықтаған осы екі екі ұғымды Шәкәрім жай ғана келтірмей жүйемен берген. Оның әрбірі жеке-жеке санаға салып өлшеуді талап етеді. Мынаны айтып отыр деп шолақ қайыруға келмейді. Контекстен бөлек алып қарастырсақ та түп негізі тереңде екенін байқаймыз. Біз оған екі сілтеме-мысал келтірейік. Бірі Шәкәрімнің өзі келтірген сілтеме: «Құранды оқы нанбасаң». Екіншісі Ғарифолла Есімнің «Жаралыс басы – қозғалыс» өлеңін талдау барысындағы айтқан ойына сілтеме: «Шәкәрім жанды ақыл дегенде ақылдың генезисі туралы айтып отыр. Ақыл қайдан шықты немесе қайдан пайда болды дегенде, ол оны жаннан шығарған, содан барып «жанды ақыл» деген түсінік қалыптастырған».

Осыдан белгілі болды, бар ғылымның түп атасы таза ақыл ойлау, соған сынату екен. Әлемдегі барша барлық та, еш нәрсе бос қалмақ емес, бәрі мейлі шөп пен топырақ жанды ақылдың табысы екен. Шәкәрім неге Құранды оқы дейді, бәрі жанды ақылдың табысы дейді, ақылдың генезисі қай жерде? Абай айтатын өлшеусіз ұлы ақылдың өзі ме, жоқ әлде содан нәр ала ма? Шәкәрім осылай ой жарысына өріс ашады, таным көкжиегін көркем фәлсапада кеңейтеді. Ақылмен бойға сыр таратады.

Осы жанды ақыл мен таза ақылға жақын тұрған тағы бір түсінік – ақыл-нұр, нұрлы ақыл ұғым категориясы. Шәкәрім ол туралы: «Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр, Сол нұрды тән қамы үшін жан жұмсап жүр, Тағдырдың қиын, сырлы сиқырымен, Жан тәнге, ақыл жанға матаулы тұр», «Зарадушке айтсам кезі кеп, Үйреттің ақыл нұр ғой деп, Ұға алмай отқа шоқынып, Бұзылды елің боғын жеп».

Ие, Жаратушыны танымау көп адасушылықтың басы екенін, өлшеусіз жарық нұр барлықтың иесі екені және соны фәлсапада, сөз өнерінің фәлсапалық лирика жанрында Шәкәрім көркемдік танымымен шебер береді. Шәкәрім ақылдың сипатын ашу барысында лирикалық шығармаларында бұдан басқа да жүздеген жерде жүйелі түрде қолданған.

Фәлсапада, ғылымда адам ақылын тәрбиелеу, қабілетті дамыту теріске шығарылмаған. Шәкәрім де терістемейді: «Ақыл деген денеге егулі дән, Суғарылса кіреді оған да жан, Ақылдың өсіп-өніп зораймағы, Көрген, білген нәрседен ғибрат алған». Адам ақылының табиғи дамуы туралы ойды Шәкәрім көркем шығармада фәлсапалық-метафоралық стильде айтып отыр. Шәкәрім адресатты қашан да ақылға бағыттап отырады: «Пайғамбар қыл ақылды, Сол табады мақұлды». Мұсылман әлеміндегі пайғамбардың статусын білетін данышпан, ақылды сол дәрежеге көтеріп отыр. Ұлттық көркем фәлсапада мұндай метафоралық теңеудің орны ерекше екенін ақын біліп отыр. Сол ақылға барлығын сынат, тексертіп отыр дегенді мол айтады: «Ақылмен өлшеп санасам», «Бұл сөзді ақылға сал, кірге тартып», «Ақылға әрбіреуін сынатарсың», «Кім айтса да сынамай қойма, жаным, Ақылыңа сынатып ойла, жаным», «Ақылға салып бар сырын», «Ақылға салып шындаса, Ашылды, міні, анық сыр», «Ақылға сынат, сабыр қыл, Жығылмайтын дәлел тап», «Ақылдың көзін байлама, Білгіш деп басшы сайлама, Оқуым, дінім, наным деп, Әдетке қарай айдама, Ақылға сынат әр істі», «Сал ақылға, дұрысы не, Дәлелін тап жақсырақ», «Ақ жүрек, ақыл көзбен сынға алыңыз», «Ойла, тексер, ақылмен», «Көңіл көзін аш – тағы ақылға сал», «Ақылыңа сынат деп, – дәлел айтқан, Құраннан табылады талай аят, Тәпсір деп қасиетін талқан қылып, Бұзғанмен Құран болмас адасқан хат».

Құран Кәрімде ақылға сынат деген талай аят бар, оның орнын Шәкәрім фәлсапалық лирикада ерекше анықтап берген, асқақтатқан. Мен «ақылмын» деп келетін, реңі ұқсас ұғыммен астас келетін сәттерді де терең аша білген: «Надандықпен қарнымыз тоқ демелік, Біз білмеген еш ақыл жоқ демелік, «Айланы ақыл, арсыздық әдеп қой» деп, Арамды адал, асылды боқ демелік». Айланың ақыл болып көрінуі, жақсы мен жаманды айырмауды соқырға таяқ ұстатқандай қылып көрсеткен.

Шәкәрім ақыл деген денеге егулі дән дейді, оған жан суғарылса ғана кіретінін, өсіп-өнетінін айтқан. Суғарылмаған ақыл өнбей қалатынын да атап көрсетеді: «Саяз ақыл бас ұрған, Мақтауын көкке асырған, Жаба тоқып жасырған». Шәкәрім шығармаларында антропологиялық фәлсапаның көп мәселесі көркемдік тәсілмен көтерілгенін осы таным мен пайым байқатады. Саяз ақылға қарама-қарсы Шәкәрім өзі ерекше ден қоятын сау ақыл бар. Сау ақылға жақын азат ақыл, еркін ақыл, арлы ақыл деген т. б. ұғым-түсініктер бар. Бұл ақыл(дар)дың негізгі ерекшелігі соншалықты «матаулы» еместігінде. Жан мен ақыл тәнге матаулы болғанымен, бұлардың бейнесінде бір түрлі еркіндік бар. Шәкәрім былай дейді: «Отыз жылдай жиғаным, Сау ақыл менің иманым», «Тамам дерттен сау ақыл менің сыншым», «Бұл күнде дұрыс иман жоқ, Шатақ дін нәпсі тиған жоқ, Ақылы саудың ойына, Алдамшы діндер сыйған жоқ». Шәкәрімнің сау ақылға ерекше статус беріп отырғаны айқын.

Шәкәрім ақылды субстанциялық болмысында танып, оның басқа да еркін, азат сияқты акциденцияларымен бірлікте қарастырады: «Еркін ақыл тіпті адаспас, Кезсе кірсіз жарқырап», «Азат ақыл ойланбай мида жатса, Шіріп, тозып тартқызар ол бір зорлық». Ақылдың өзінің жұмсалар орны бар екені, болмаса оның өзі де жайдан-жай жоғалмайтыны анық болды. Шәкәрім адам болмысындағы ақылдың орнын ерекше бағалаған. Ақылды құсым деген, ақылды айнам деген, тіпті адам өмірін түзеуге, олардың тату тұруына апарар жолды да арлы ақыл деген: «Ақыл құсы адаспай аспандаса, Әлемде нәрсе болмас оған таса, Жеті көк жерден оңай басқыш болып, Ғарышқа қол жетеді қармаласа», «Келдім қайдан? Қайтсе пайдам? Өлгеннен соң не пайдам? «Мен» деген жан, ақыл-айнам».

Бүгінде адамзат баласы ақылының нәтижесінде ғарышқа да ұшты. Ал оның пайдасы мен зияны әлі өлшенген жоқ. Шәкәрім тура мағынасында айтып тұр ма, жоқ әлде ақылдың тұтас қуат күшін айтып тұр ма? Мен деген жан, ал айнам дегенде соның көрінісін өмірдегі айтып тұр ма, әлде субстанциялық бірлігін айтып тұр ма? Шәкәрімнің әрбір сауалы жауап та, әрбір жауабы сауал. Шәкәрімнің көркем прозасы «Әділ-Марияда» мынадай фәлсапалық толғаныс бар: «Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек». Шәкәрімнің ар ілімінің метакатегориясы осы – ақыл. Шәкәрім мұрасы – берері мол, мәнді құндылық.

**Тұрдықұл ШАҢБАЙ,**
**әдебиеттанушы-философ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**

№115 (4548) 28/09/2023 Бейсенбі



Өтеген ОРАЛБАЙҰЛЫ:

# ЖАЛТАҚТЫҚ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

Ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Өтеген ОРАЛБАЙҰЛЫН «Ұлт ұпайына» шақырып, сұхбат құрдық. Ортақ әңгіме ұлт руханияты мен мәдениеті төңірегінде өрбіді.

## ҚЫЗЫЛ ИМПЕРИЯ ЗАРДАБЫ ӘЛІ БІЛІНЕДІ

**– 1995 жылғы Конституцияның 7-бабында, 1989 жылдың 22 қыркүйегінде қабылданған Тіл туралы заңда «мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп тайға таңба басқандай көрсетілді. Тәуелсіздік алғалы заңның толық орындалуына мүдделік таныта алмай келеміз. Себебі неде?**

– Мемлекеттік тілді дамыту үшін мемлекеттік деңгейдегі саяси шешім керек. 30 жыл бойы осындай саяси шешімді халқымыз күтумен болды, бірақ осы мәселе әлі күнге шешімін тапқан жоқ. Халықтар достығы, саяси тұрақтылық, қоғамдық түсінік деген желеумен әлі күнге мемлекеттік тіл туралы тұрақты, түбегейлі көзқарас қалыптаспады. Ат төбеліндей аз ғана ақын-жазушылар мен журналистердің, қоғам белсенділерінің біржақты талап етуімен ұлт тілінің ұстыны тұжырымдалмайды. 70 жыл бойы халықтың бойына жоғарыдан бұйрық беру, жоғарыдан нұсқау көрсету психологиясы қатты сіңді. Сондықтан Президент, оның Әкімшілігі, Үкімет мүшелері мен ұжымы, қос палаталы Парламент қазақ тілінде толық сөйлемей, мемлекеттік тіл мәселесі шешіле қоймайды. Тіл іскерлік қатынасқа түскенде ғана дамиды, өркендейді. Ол үшін мемлекеттік қажеттілік керек. Қарапайым халықтың сұранысы жоғары деңгейде шешілгенде ғана іс өз нәтижесін береді. Тілдік орта сонда ғана қалыптасады.

Екіншіден, ана тілдің басты қайнар көзі – ата-ана. Ата мен әженің, әке мен шешенің ұлт тіліне немқұрайды қарауынан әлі орыс шеңберінен, орыс психологиясынан шыға алмай, орыс тілінде білім алған балалар білімдар болып, жан-жақты қалыптасады деген тар түсінік әлі келе жатыр. Осы тұрғыда мемлекеттік идеология өз деңгейінде жүрмей, қазақ тілі орыс тілінің көлеңкесінде көп жүрді. Әлі де сол көлеңкелі көріністен арылған жоқпыз.

Ұзақ жылдар бойы жасырын, отарлық түрде ұлтсыздандыру саясаты жүріп, қазақ азаматтарының бойындағы ұлттық «мені» тапталып, жалтақтық пен қорқақтық орын алды. Мұны жасырып қайтеміз, жоғары лауазымда отырған қазақ азаматтарының бірқатары әлі күнге дейін осы жалтақтық пен әсіре сақтықтан арыла алмай отыр. Міне, Астанадағы келеңсіз көрініс – осының айқын айғағы. Мектепке бала бөлу процесіндегі жауапты тұлғалардың жетесіздігі мен ойсыздығы осындай жағдайға әкеліп, жас ұрпақты ұлттық тұғырынан айырып отыр.

Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханның «Балаға қай тілде білім берсең, түбі сол ұлтқа қызмет етеді» деген ұлағатын ұран етіп ұстанбасақ, өз жолымыздан адаса беретін боламыз. Өйткені жазушы Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, «Ана тілі – халық болып жасалғаннан бергі жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгілік құламайтын бәйтерегі» ретінде адамның таным-түсінігі мен парасат-пайымы қалыптасып, дамытатын құрал. Қысқасы, тіл болмаса, ұлт та болмайды. Ахмет Байтұрсыновтың: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген ащы сөзі әлі тұщы күйінде өмір сүріп келеді. Ұлт қайраткерлерінің ұлы сабақтары жұртымыздың жүрегіне әлі жетпей келе жатқаны – өте күрделі проблема. 32 жылда біз осы олқылықтың орнын толтыра алмадық. Бір тұлғаның басқаруындағы ұлттық мәселе миллион тұлғаның ой-өрісін тежеп, мемлекет дамуының мешеу жолына ұласты.

**– Ұлттық мемлекет ретінде дамуды таңдаған елдердің өркениет көшіндегі орнын көріп отырмыз...**

– Дұрыс айтасыз, ұлт рухынсыз ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізе алмаймыз. Тәуелсіздік дегеніміз тек тәтті сөз емес, ол – жауапкершілік. Тәуелсіздікті алу бар да, оны сақтау бар. Оның негізгі тұғыры – ұлт тілі, ділі, тарихи санасы, анығын айтсақ, ұлттық ожданы мен ары. Мысалды ұзақтан іздемей-ақ Жапонияны алыңыз, сұрапыл соғыстан кейін, Американың атом бомбасынан кейін күлден тұрған феникстей дамып, қарыштап, өркендеп, күллі әлемнің таңдайын қақтырып отыр. Қызығасыз ба, әрине, кезінде Алаш көсемдері де қызыққан, сол үшін құрбан болған. Қазіргі таңда бұған тоқтау салып жатқан кім бар, ешкім жоқ. Демек, халық бойындағы қорқыныш пен үрей әлі сейілген жоқ. Болмаса, Корея немесе Қытай тілді, ділді, салт-дәстүрді, ең бастысы, ғылымды берік ұстанып, әлемдік өркениеттен өз орнын тапты. Біз араб әлеміне бойлап, сананы шырмаған сан алуан сектаға кіріп, надандық аймағына кіріп барамыз. Әсіресе жастарымыз осы кесапатқа дендеп батып барады. «Ораза, намаз тоқтықта» деген сөз бар еді, осының мән-мазмұнын түсіндіретін ұлттық идеология әлі әлсіз.

Өкіністісі, елімізде ұлттық мемлекет ретінде дамуға кедергі келтіріп отырған топтар бар. Біріншісі – билік басындағы орыс тілді қазақ шенеуніктері. Олар жеке бас мүддесіне қызмет етіп отыр. Халықшыл, елшіл пиғылын мансап буы баурап кеткен. Екіншісі – орыс тілімен, мәдениетімен сусындаған өзіміздің қарапайым қазақтар. Олар «ұлт тілінің болашағы жоқ» деген теріс пиғылдан әлі арылған жоқ. Біз үшін осы топ бәрінен де қауіпті.

Өзім де сол жерде қызмет жасағаннан білемін, Президент Әкімшілігінде, Үкіметте, Парламентте жауапты қызмет атқаратындар, орыс тілді отандастар қызметін, мансабын сақтау мақсатында мемлекеттік тілге жанашырлық танытпайды. Президент Әкімшілігінде қызмет істеген жылдары орыс тілді қазақтар осындай пікірде болғанын білемін. Олар қазақ тілділер билікке келсе, қызметсіз қаламыз деген үрейде болатын. Мұны рухани мешелдік деп айтуға болады.

## ТІЛГЕ ҚАЖЕТТІЛІК ТУЫНДАУ КЕРЕК

**– Қазір тіл тазалығы бұзылып, шұбарланды. Мұның себебі неде?**

– Қазір қолданыстағы қазақ тілінің қоры 200-300 сөзден аспай қалды. Тіл жұтаңдады, содан ой жұтаңданады, сана селкеулікке ұшырайды. Осы жылдарда тіл, шындығын айтқанда, біршама дамуға жетті, бірақ діттеген межеге жете алған жоқпыз. Тілді дамытамыз деген желеумен жыл сайын өте мол қаражат беріліп келеді. Бірақ жемқорлық деген дерт бұл жерге де дендеп еніп кетіп, тіпті қайғылы жағдайлар да болды. Тіл дамуы үшін іскерлік, практикалық қажеттілік керек. Даму өрісі қажет. Кезінде Сәкен Сейфуллин «Кеңсе тілі қазақшаға көшпей, тіл дамымайды» деп дабыл қаққан, бұған жақын жылда 100 жыл толады.

Қазақ тілі тәуелсіздік жылдарында аударма тілдің құрбанына айналды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары барлық мекемеде аударма бөлімдері ашылды. Аудармашылар қазақ тілінің аясын тарылтып, дамуына барынша кедергі келтірді. Мемлекеттік мекемелердегі аударма тар шеңбердегі формаға түсті. Ақпараттық тіл пайда болды. Тілдік көркемдік жойылып, қазақ тілінің ұлы байлығы тарылып, қасаң сөздік қалыпқа түсті. Онда көркем ой, көркем тіл жоқ, шығарып салма шаблон ғана болды. Аударма ана тіліміздің ажарына көріксіз бояуын жақты. Содан жастарымызда «қазақ тілі қауқарсыз» деген ұғым пайда бола бастады. Орыс тіліндегі «лицо» деген сөздің қазақ тілінде 24 баламасы бар, оның әрбірінің контексте өз реңі бар. Махамбеттің өлеңдеріндегі небір ғажайып теңеулерді орыс тілін жүз пайыз білетін адам ешқашан аудара алмайды. Кезінде орыс ақыны Евгений Евтушенко Махамбетті аударам деп келіп екі ай жатып, басын алып қашып кеткен. Бірақ «мұндай ақынды ешкім аудара алмайды, сөздері сұрапыл екен» деп таңданумен кеткен.

Мемлекеттік органдағы баспасөз хатшылары орыс тілінде дайындалған баспасөз парағын Google Translate арқылы аударып, журналистерге ұсынады. Сосын журналистер сол бойынша ақпарат дайындап, көп жағдайда тілдің тазалығын сақтай бермейді. Сорақысы, әлеуметтік желідегі блогерлердің тілдің орфографиялық принципі мен пунктуациялық ережесіне бағынбайтын, сауатсыз жазбасы көбейді. Блогер болу оңай, білімді болу қиын, жаза салу оңай, жауапты болу қиын. Мұхтар Әуезовтің тек «Абай жолында» 17 мыңнан астам сөз қолданылған, Пушкиннің барлық шығармасында 21-23 мыңдай сөз қолданысқа түскен. Өкінішке қарай, небір ғажап сөздеріміз уақыт зынданына түсіп кетті. Оны енді кім жарыққа алып шығады?

Аударма деген белгілі дәрежеде, белгілі бір деңгейде тілді шектейді. Біз аударма шеңберінен шығып, тіліміздің орасан зор байлығын сарқа пайдаланып, өрісін кеңейту үшін өмір сүруіміз керек.

**– Ұлттық мүддені қорғау ұлттық идеологияға келіп тіреледі. Біз нені тұтқа тұтамыз, кімді үлгі етеміз?**

– Алдымен мемлекеттік идеология мен ұлттық идеология арасындағы рухани байланыс қандай, осының мән-маңызын ашып алайық.

Меніңше, мемлекеттік идеология – адамдарды саяси-қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге топтастырып, әлеуметтік мінез-құлығын шыңдайтын, өркениет көшінде бәсекеге сай ететін алдыңғы арба. Ал ұлттық идеология – мемлекеттік билікте ұлттың мүддесі мен құндылығын қорғайтын құрал.

> “
>
> Ұзақ жылдар бойы жасырын, отарлық түрде ұлтсыздандыру саясаты жүріп, қазақ азаматтарының бойындағы ұлттық «мені» тапталып, жалтақтық пен қорқақтық орын алды. Мұны жасырып қайтеміз, жоғары лауазымда отырған қазақ азаматтарының бірқатары әлі күнге дейін осы жалтақтық пен әсіре сақтықтан арыла алмай отыр

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары «Әуелі – экономика, сосын – саясат» деген тұжырым ұсынылды. Осы қағида негізінде жаппай жекешелендіру жүріп, жабайы нарық, базардағы баға халықтың көңіл күйіне әсер етіп, сананы тұрмыс билей бастады.

Кешегі кеңестік кезеңнің өзінде идеология мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бір бөлшегі ретінде бағаланып, мәдениетке, әдебиетке, өнерге байланды. Соның нәтижесінде руханият саласы жоғары деңгейге көтеріліп, адамдар арасында ар-ождан, намыс принципі жоғары тұрды.

Руханият мәселесін кейін реттеп аламыз деп, идеология мәселесін екінші орынға қалдырып, арты рухани трагедияға ұласты. Қызылорда, Шымкент, Алматы қаласында тегін тамаққа таласқан халықтың пиғылы – сондай немқұрайды шешімнің нәтижесі. Кеше Астана қаласындағы көрмеде халықтың жеміс-жидекті талан-тараж етуінен 90-жылдардағы жүйесіз жұмыстың көрінісін көруге болады. Сол кезде біздің басшылар мемлекеттің мүлігін дәл осылай таласып, жекешелендірген еді. Жөнсіз жекешелендіру процесі рухани майданды айналып өтіп, халықтың мәдени мәйегін екінші жаққа лақтырып жіберді.

**– Сонда ел ретінде ұлттық идеологияға мән бермедік дейсіз ғой.**

– Әлбетте, біржақты баға беруге болмайды. ХХ ғасырдың 90-жылдарының аяғында, 2000 жылдардың басында Мемлекет хатшысы қызметін атқарған Әбіш Кекілбаев ұлттық идеологияны дамыту мақсатында «Ұлттық тарих жылы», «Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы», «Мәдениет жылы», «Мәдени мұра жылы» дегенді тізбектеп, экс-президентке ұсынып, мемлекеттік идеологияға апаратын жол ретінде негізін қалады. Бірақ одан кейінгі кезеңде Қазақстанды әлемге танытамыз деген желеумен әртүрлі халықаралық симпозиум, форум, конференция бірінен кейін бірі өтіп, насихат идеясы бірінші орынға шығып, идеология мәселесі екінші деңгейге ысырылды. Сөйтіп, ұлттық мүдде-мұрат ойын-сауық идеологиясының көлеңкесінде қалды.

Жаһандану жағдайында ұлт руханиятына жеңіл-желпі қарап, жүйелі, жоспарлы бағдарламалар ойластырудың орнына науқаншылдыққа салынып, бір айлық іс-шаралар топтамасын орындау салдарынан өз тілінен жиренген адамдар қалыптасып, олар қоғамда ойын ашық білдіріп, өз отандасын көрші елдің басшысымен қорқытатын жағдайға жеттік.

## ЖАҺАНДАНУҒА ЖҰТЫЛМАЙЫҚ

**– Сөзіңізде жаһандану үдерісін ұлт руханиятына антоним ретінде қолдандыңыз. Бұл сөзіңізді қалай түсіндіріп бересіз?**

– 1986 жылы қырғыздың Халық жазушысы Шыңғыс Айтматов Алматы қаласына келгенде, сұхбат алдым. Сол кезде жазушы жаһандану дегенге анықтама беріп, оның жақсылығынан жамандығы көп болатынын дәйектеп, халықтар арасында ұлттық ерекшелік, өнер ерекшелігі, мәдениет ерекшелігі уақытпен жойылып, халықтың барлығы бір деңгейде ойлайтын жұртқа айналатынын айтты. Жаһанданудың жақсы жағы – ғылым мен технология саласы инновациялы шешімдер нәтижесінде дамудың жаңа деңгейіне көтеріледі. Соның бір дәлелі – мобильді құрылғылар – гаджет, смартфон, планшет технологиясы дамудың өрісін кеңейтіп, сервистік қызмет көрсету саласын бір жерге шоғырландырды. Ақпарат алу, ақпарат алмасу, ақпарат тарату едәуір жеңілдеді әрі шапшаңдығы артты. Қазір бесіктегі баладан еңкейген кәріге дейін телефонға байланып, оқу, тоқу мәдениеті құлдырап, француз қаламгері Дени Дидро «Адамдар кітап оқуын қойса, ойлауын да қояды» деген тұжырымына келіп тірелді. Дастарқан үстінде болсын, концертте немесе жиналыста болсын смартфоннан ажырай алмайтын «фаббинг» ауруына ұшыраған адамдар саны көбейді.

Қазір жаһанданудың бір құралы – әлеуметтік желі. Ұлтқа қауіптісі – әлеуметтік желідегі контенттің мазмұнын байытып, қазақ тілді өнімдерді көбейту керек. Онсыз ұлт ретінде даму тежеледі. Қазақ отбасында орыс немесе ағылшын тілді балалардың жетілуі – соның айқын мысалы.

**– Биыл «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аяқталды. Бұл жобаға көзқарасыңыз қалай? Не бітірдік, нені бітіре алмадық?**

– 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғыртуға, 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинауға мүмкіндік алдық. Рас, қаншама елдің архивінде сақталған құжаттарға қол жеткіздік. Алайда осы күні солардың басым көпшілігі құжат күйінде жатыр. Ғылыми айналымға енгені аз. Бұл тарихи құжаттардың қайсысының мән-мазмұны ұлттық тарихымызға сай келеді деген сараптама жасалған жоқ.

2017 жылы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаланың негізінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қабылданды. Әрине, атқарылған ауқымды жұмыстарды жоққа шығара алмаймыз. Алайда бағдарламаның арты сұйылып, балабақша мен мектептердегі кез келген іс-шараның айдарына рухани жаңғырудың логотипі ілініп, жұрт күлкі ретінде қарайтын бастамаға айналды.

Бағдарлама науқандық деңгейде атқарылып, халықтың рухани жан дүниесіне жауап бермеді. Негізі, бағдарламаны балабақша деңгейіне түсірмеу үшін жүйелі жоспар керек еді. Мәселен, тұлғатану бағытында елдің кесек-кесек тұлғаларының тарихи өтпелі кезеңдерде еңбегін бағалап, ономастика бағытында көше, елді мекен, қалалардың атауын қайта қарап, лайықты атау беруді, өлкетану бағытында әр өңірдің тарихи ерекшелігін насихаттауды жолға қою керек еді. Бұл бағыттағы жұмысты жүйелеп, іске асыруға Мәдениет және спорт министрлігі жауапты болды. Алайда ұлт руханияты саласында еңбек сіңірген Темірбек Жүргенов, Ілияс Омаров, Өзбекәлі Жәнібековтің орнын басатын, ұлт мәдениетін жаңа деңгейге көтеретін министрлерге зәруміз. Қазірдің өзінде бұл ведомство науқаншылдық жұмыстан аса алмай, ұлттың рухани-мәдени ұйымдастырушысы қызметін атқара алмауда. Негізі, ұлттық анимацияны дамытуға, тарихи оқиғаларды кезең-кезеңімен жүйелеп, оның мән-мазмұнын көркем фильмдер арқылы көпшілікке жеткізуге, тарихи тұлғаларды өңірлік деңгейде ғана атап өтпей, мемлекеттік деңгейде дәріптеуге жауапты. Бастысы, театрлар мен музейлерге, кітапханалар мен клубтарды қолдаудың жаңа тетігін тауып, мәдениет, өнер адамдарын рухани және материалдық тұрғыда демеу көрсеткені орынды.

**– Қаңтар оқиғасынан кейін «Жаңа Қазақстан», «Әділетті Қазақстан» концепциясы ұсынылды. Осы термин ұран сөзге айналып, жиі қолданатын болдық.**

– «Жаңа Қазақстан» деген тұжырымды іске қосқан идеологтар асығыстық танытты-ау деп ойлаймын. Неге десеңіз, Қазақстан кеше пайда болған ел емес. Дұрысы, қаңтар дүрбелеңінен кейін «Жаңарған Қазақстан», «Жаңару жолындағы ел» дегені ақылға сыйымды еді.

Енді Әділетті Қазақстан деген сөзге тоқталсақ, әділетті болу үшін не істеу керек? Ең алдымен, сыбайлас жемқорлықты түбірімен жою керек. Ол үшін ел байлығының 55 пайызын иемденген 162 адам халыққа есеп беріп, негізсіз тапқан капиталын қайтарғаны абзал. Бұл – Әділетті Қазақстанға бастайтын алғашқы жол. Сонымен қатар құқық қорғау органдары – сот жүйесі, прокуратура, полиция заң аясында жұмыс істеп, халықтың сеніміне ие болу керек. Әділетті Қазақстан сөз жүзінде қалмауы үшін Президенттен бастап әрбір Қазақстан азаматына дейін адалдық орбитасында болуы қажет. Мұны Мемлекет басшысы ұдайы айтып жүр. Адал еңбек, әділетті шешім, еститін Үкімет, заңшыл Парламент, мінезді билік болғанда ғана Әділетті Қазақстанға баратын жол жемісті болмақ.

**Сұхбаттасқан**
**Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

# «КҮМІС ЕРІКТІЛЕР» ҚАРЕКЕТІ

Зейнет жасына дейінгі өмір тірліктің жалында кететіні рас. Өйткені жұмыс, үй, бала-шаға бағып, аяғынан тұрғызсақ деп жүріп, қамшының сабындай қысқа өмірдің өтіп бара жатқанын байқамаймыз. Ал енді зейнетке шығып, алды-артыңызға қарап, ой елегінен өткізіп жіберсеңіз, орындалмаған арманыңыз әлі көп-ақ екен.



Зейнетке шыққан соң уақыт көп дерсіз. Алайда екі қолымыз алдымызға сыймай отырған жайымыз тағы жоқ. Немере бағып, үйде отырып, аяғымыз тұсаулы, ешқайда шыға алмай, айына бір шай ішіп бас қосатын жиындарға да кейде бара алмай қаламыз. Зейнетке шыққан соң қоғамға пайдасы жоқ адам болып қалғандай сезінеміз. Сүйікті іспен айналысқыңыз келеді. Бірақ қайда барасыз? Осындай кезде тығырықтан шығарып, зейнеткерлерге мүмкіндік жасаған мемлекетімізге алғыс айтамыз!

Әрқайсымыздың ішімізде бала кезден келе жатқан бір арманымыз болады емес пе, міне, сол армандарға қол жеткізуге мүмкіндік жасап отыр. Белсенді ұзақ өмір сүру орталығына сүйікті ісімен айналысуға асыға басып келе жатқан қарттарды көреміз. Орталықта 17 үйірме жұмыс істейді. Сегіз шығармашылық ұжым бар. 2 халық ардагерлер хоры, 2 ансамбль жұмыс істейді. Осы ұжымдағы ата-әжелеріміз қай кезде де: аптап ыстықта, шыңылтыр аязда қандай іс-шараға шақырсақ та, үнемі алдыңғы қатарда жүреді. Қаланың басты-басты іс-шараларының алдыңғы қатарында өз өнерін көрсетіп жүр. Костюмдерін де азғантай зейнетақыға тіккізіп, киеді. Ең бастысы, қойып жүрген концерттерін қайырымдылық ретінде көрсетіп жүр. Қайырымдылық көрсетіп жүрген карттарымызға, қайырымдылық көмек беріп, баянын, костюмін бес жылда бір рет жаңалап беретін азаматтар болса нұр үстіне нұр болар еді.

Астана қаласындағы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында (Есіл ауданы, Достық көшесі, 13 мекенжайы) «Күміс волонтер» (еріктілер) клубы жұмыс істейді.

Күміс волонтерлердің жұмысы азық-түлік себетін тарату, айналаның тазалығын қадағалау, көшет отырғызу, қар күреу, т. б. жұмыстарды атқару ғана емес екенін Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та айрықша атап өтіп, жастар тәрбиесіне мән берді. Ең бірінші қазақи құндылығымызды санасына құя отырып тәрбиелеуді мектеп ұстаздарымен бірігіп өткізсек, ұрпақтар сабақтастығы іс жүзінде орындалып жатса, соның өзі зор жетістік болар еді.

2021 жылдың қазан айынан бері Астана қаласының №66, 89 мектептерімен «Әжеден қалған асыл мұра» қалалық жобасы аясында бірігіп жұмыс істеп келеміз. Жастар – біздің болашағымыз, сондықтан оларға келешекті сеніммен тапсыра отырып, атадан балаға, анадан қызға қалдыратын тәрбиені: ұлттық қолөнерімізді (сырмақ, құрақ, жүн иіру, тоқыма) насихаттап, ісмерлікке үйретуді бастадық. Ұлттық қолөнерімізді жас ұрпаққа үйрете отырып, назарын әлеуметтік желіден гөрі қолөнерге аударуға ықпал етсек, оның өзі үлкен жеңіс емес пе?! Міне, осы мақсатты жүзеге асыру үшін орталықтың көптеген әжесі атсалысып келеді. Әр аптаның бір күнінде, мектеп басшылығымен келісе отырып, шеберлік сабағын өткізіп тұрамыз. Сабаққа кем дегенде 5 әже барады, олар жүнмен жұмыс, кесте тігу, тоқыма тоқу, құрақ құрауды үйретеді.

«Тоқыма» тобын – А.Тұрсынбаева, «Кесте» тобын – А.Колибекова, «Жүнмен жұмыс» тобын – К.Әбілдина, «Құрақ құрау» тобын О.Кусумова бастап, жұмысын үлкен жауапкершілікпен атқарып жүр. Жазғы демалыс кезінде мектеп жанындағы демалыс лагерлерінде «Әжемнің ертегісі» жобасы аясында данагөй әжелеріміз ұлттық киімдерін киіп, балдырғандарға ертегі оқыды, сенбіліктерге де бір кісідей-ақ атсалысып жүр.

Еріктілердің күші арзан жұмыс қолы емес, бұл – өз еркімен, жүрек қалауымен адамның парасаты мен пайымына қарай ізгілікті іс жасау. Бұл айына жалақы алып, қызметін атқарып жүргендердің жұмысын жеңілдетіп, соның ісін атқару емес, керек жерінде қарттардың жауапкершілігіне қарай қол ұшын созу ғана. Ең бастысы, қандай да бір істің басында егде азаматтардың жүруі кез келген ортаның сәнін келтіріп, жастарға дем беріп, алға бастайтыны анық.

Жүрегі мейірімге толы, әр күнін сауапты іс істеуге арнайтын зейнеткерлерге зор денсаулық, табыс тілейміз!

**Ләззат ДҮЙСЕБАЙ,**
**зейнеткер**



# ЖОБАНЫҢ МАҢЫЗЫН ТҮСІНДІРДІ

«Elorda Aqparat» медиасеріктестігі 25 қазан – Республика күні қарсаңында, Астана қаласының Білім басқармасымен бірлесе отырып, «Мектеп және медиасауаттылық» атты жобасын жалғастыруда. Бұл туралы Астана қаласының коммуникациялар қызметінде өткен брифингте медиахолдинг директоры Олжас Сыдықбек мәлім етті.

«Мұндай жобаның негізгі мақсаты – жергілікті БАҚ-тың Астана қаласындағы білім беру ұйымдарымен әріптестік байланысын арттыру, медиасауаттылық бойынша оқушылар арасында түсіндіру жұмысын жүргізу, қаламгерлер қауымын оқырмандармен қауыштыру, «Мектептегі журналистика» бағдарламасының әлеуметтік-педагогикалық бағыт-бағдарын айқындауға атсалысу, жоғары сынып оқушыларын бейіндік оқытуға үлес қосып, олардың шығармашылық белсенділігін арттыру, ұстаздар мен оқушылар арасынан авторлар тарту, журналист болуға ниетті жасөспірімдерді қолдап, шығармашылық қабілетін шыңдау» деді Олжас Сыдықбек.

«Мектеп және медиасауаттылық» іс-шарасы осы уақытқа дейін қаланың 6 мектебінде өтті. Олардың қатарында Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы, Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы, Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицейі, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейі, Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейі және Міржақып Дулатұлы атындағы №68 мектеп-гимназиясы бар. Бұл кездесулерге шығармашылыққа бейімі бар 500-дей оқушы қатысты. Шәкірттер бұл жобаға жоғары қызығушылық танытуда. Әсіресе болашақта журналист болуды армандайтын талапты оқушылар медиасеріктестікке қарасты редакциялар базасында шығармашылығын шыңдап, тәжірибеден өтуге мүмкіндік алып отыр» деп сөзін жалғады О.Сыдықбек.

Алдағы уақытта кездесулер Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицейі, Ақселеу Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицейі, Дінмұхамед Қонаев атындағы №66 мектеп-лицейі, Мұқағали Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназиясы, Фариза Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназиясы, Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясы, Қайым Мұхамедханов атындағы №90 мектеп-гимназиясы, Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы, Ғабит Мүсірепов атындағы №38 мектеп-лицейінде жалғасады.

**Сәбина КӘКІМЖАН**

# АДАЛ ҚЫЗМЕТ АЙҚЫН МАҚСАТЫ БОЛҒАН

Жылдар жылжып, айлар алыстап, бүгінде 85 жастың төрінен орын алған қария Макен ҚАЙЫРҰЛЫМЕН жылы жүздесудің, сырлы сұхбат құрудың сәті түсті. Көпті көрген, көкейге түйгені мол ақсақалдан жауап алып, оқырманның назарына ұсынуды жөн санадық.



Макен Қайырұлы «Құрмет белгісі» орденімен, КСРО төсбелгілерімен марапатталған. 1980 жылы Жоғары партия мектебін сырттай оқып бітірді. Ол – еңбек ардагері және Үржар ауданының құрметті азаматы. Отбасылы, зайыбы мен балалары бар

**– Макен Қайырұлы, бүгінде қария жасты еңсерген ардақты азамат, қадірлі ақсақалсыз. Уақытты кері айналдыруға болса, нені еске алар едіңіз?**

– Қалқам, балалық пен жастық шаққа саяхат жасауға қолқа салып отырсың. Айтайын, еске алайын. Мен 1938 жылдың қоңыр күзінің алғашқы айы – қыркүйектің 10-ы күні дүние есігін аштым. Әкем Қайыр қарапайым еңбек адамы болатын. Жанына ілесе жүріп, еңбекпен есейдім. Бірде тоқ, бірде ашқұрсақ жүру уақыты басымыздан өтті. Тәтті жеп, нанға тойып өстім деп жалған айта алмаймын. Жасым 14-ке келгенде, ас атасы – нанды тоя жегенім еске түседі. Бұл – 1952 жылдар кезі. Қарапайым шаруа отбасының тіршілігі оңай бола қойған жоқ. Киелі Семей өңірінде балалық шағым өтті. Мақаншы ауданында орта шаруа отбасында бірнеше бала өмірге келіп, тәрбиелендік. Әкеміз барынша еңбек етудің қыр-сырын бала күнімізден санамызға сіңіре білді. Әкем болашағыма қатты алаңдап, зор үмітпен қарады.

**– Қандай бала болып ержеттіңіз?**

– Бала күнімнен зерек, алғыр, сөз ұққыш бала болсам керек, өсе келе білімге құштар болдым. Бақты орта мектебін бітірген соң, трактор руліне отырдым. Дала төсінде таңдамастан әртүрлі еңбекке араластым. Оң-солымды ерте сезіндім, байқампаздығыммен ертерек көзге түстім. Еңбекпен есейдім, өстім, ержеттім. Соның арқасында жаңадан құрылған Мақаншы совхозында қара жұмыстан бастап, түрлі қызметке көтерілдім. Жүріп өткен өмір жолым туралы «Өмірдің кейбір естеліктері» деген атпен жарық көрген кітабымда жан-жақты баяндадым.

**– Жоғары білім алу, біліктілікті жетілдіру мақсатыңызға енді ме?**

– Әрине, бөлім басқара жүріп, білімімді жетілдіру мақсатында 1959 жылы Семей ауылшаруашылық техникумына қабылданып, арнайы техникалық механика мамандығын алып шықтым. Одан соң 1962 жылдан 1965 жылға дейін совхозда инженер-бақылаушы және 1965-1971 жылдар аралығында Калинин атындағы колхозда бас инженер болдым. 1971 жылы коммунистер партком хатшылығына сайлады. Барынша адал қызмет ету айқын мақсатым болды. Соның арқасында 1974 жылы Үржар аудандық комитеті кәсіподақ ұйымына төрағалық қызметке ұсынылдым. 1976 жылы Үржар аудандық партия комитетінде ұйымдастырушы-нұсқаушы лауазымын да атқардым. 1977 жылы Семей облысы Мақаншы ауданында Арқалды ірі қой совхозында кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметін атқардым. 1978 жылы «Қызыл партизан» партия комитетінің хатшылығына сайландым. Фрунзе колхозында іскер маман ретінде көптің ықыласына бөлендім деп ойлаймын. Қызмет барысында тұрғын үй құрылысы мен арнайы фермаларда игі жаңалықтар көрініс тапты. «Көктерек» деп аталатын жаңа театр есігін айқара ашты. Қуыршақ театры ашылып, сахнагерлерге киімдер тігілді. Қуыршақ театры үшін де қажетті бұйымдар алынды. Ұлттық аспап – домбыралар сатып алынды. Осының бәрі халықтың мәдениетін арттыруға, өнерсүйер қауымның әлеуетін көтеруге ықпалы болғаны анық. 1996-2011 жылдар аралығында «Маяк» автокооперативін жандандыруға белсенді үлес қостық.

**– Зейнетке шыққанға дейін жемісті еңбек атқарған Макен қария одан әрі зейнеткерлік уақытын қалай ұйымдастырды?**

